Бекітемін:
ЖШС «Бақжан»
бөбекжай-бақшасының меңгерушісі:
________Туримбетова Г.К.

# «Сандуғаш» ересек тобының перспективалық жоспары 2024-2025 оқу жылы

Тәрбиеші: Әділханова Қ.

# МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ ЖОСПАРЫ ЖӘНЕ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ НЕГІЗІНДЕ 2024-2025 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ

**Білім беру ұйымы: ЖШС** "Бақжан" бөбекжай-бақшасы
**Тобы:** "Сандуғаш" ересек тобы
**Балалардың жасы:** 4 жастағы балалар
***Жоспардың құрылу кезеңі***: қыркүйек айы, 2024-2025 оқу жылы

| Қ/с | **Ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері** |
|---|---|---|
| | | ***Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы*** |
| 1. | **Физикалық қасиеттерді дамыту**<br>Дене шынықтыру | **«Ұлттық ойын-ұлт қазынасы»** ынта мен шығармашылық танытa отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Ұлттық қимылды ойындарды ойнату. (Бестемше, Тас қала, Қыз қуу, Асық ату, Шаңырақ, Теңге алу, Бес тас, Шертпе тас, Тоғыз құмалақ т.б.) «Дарабоз» (тәрбиеленушілердің арасында 2- апта)«Жарысқа шық, жанұя» (ата-аналардың арасында 3-апта)<br>Еңбегі адал жас өрен, өзіне өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Табиғат орталығында, алаңқайда, топта, үйде қарапайым істерді орындпуға көмектесу (Ойын шаралар: Мен дұрыс киіне білемін, Қызық екен, Сұрақ-жауап, Тазалық біздің досымыз, Әдептілік әліппесі, Адалдық адамдықтың белгісі, Болады болмайды , Ы.Алтынсарин Бір уыс мақта , Әке мен бала шығармсын әңгімелеу т.б.)<br>**«Ұлттық ойын-ұлт қазынасы»**<br>-**«Күш сынаспақ»**Қазақтың әдет-ғұрпымен таныстыру. Дәстүрлік таным түйсігін дамыту..<br>-**«Түлкі мен балапандар ойыны»** Ұйымшылдыққа, шапшаң және шыдамды болуға үйрету. «Дарабоз» (тәрбиеленушілердің арасында)2-апта<br>- **«Арқан тарту»** ойыны.Балаларды ұйымшылдыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу.<br>**«Жарысқа шық, жанұя»(**ата-аналардың арасында) 3-апта<br>-**«Орамал тастамақ»** ойыны . Балалардыңсезінуқабілеттерін, байқампаздығын дамыту. Еңбегі адал жас өрен, өзіне өзі қызмет көрсету. |
| 2 | **Коммуникативтік дағдыларды дамыту**<br>Сөйлеуді дамыту | **«Өнегелі 15 минут»** ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру. Ұлттық дамытушы ортада ұлттық бұйымдарды ата-анамен бірге қарауға, Мабильді кітапхана орталығында кітаптар көруге, алып оқыу, суреттерді қарауға, табиғат дамытушы ортада құстарды, балықтарды қоректендіруге мүмкіндік беру. Ата-ананың үйде балабақшада балаға көңіл бөлуіне жағдай жасау ересектермен және балалармен еркін қарым- |

| | | |
|---|---|---|
| | | қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру; |
| 3 | Көркем әдебиет | **«Балалар кітапханасы»**-жобасы Балаларды қол жетімді көркем шығармалар мен театр әлеміне баулу, кітапқа деген қызығушылығын дамыту.алаларға жастарына сәйкес тыңдауға, сахналауға, тәрбиелік мәні бар әдеби шығармаларды үйрету. |
| 4 | Қазақ тілі | **«Апта дәйек сөздері»** аптаның дәйексөздері ақпараттық стендттерде,Led-экрандарда, коридордағы теледидарларда орналастыру Ел боламын десең, бесігіңді түзе, Еңбек еткен — мұратқа жеткен, Досы жоқпен сырлас, досы көппен сыйлас. Дос – ажарың, жолдас – базарың. Қыркүйек білім күні Балабақша-жайлы мекен мерекелік шара<br>**«Тілім менің тірегім»** ата-анамен тәрбиеленушілер арасында сайыс ұйымдастыру сөздік қорды байыту, сөйлеу дағдыларын арттыру, өз тілін құрметтуге үйрету.Қазақстан халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы түрлі балалар әрекетінде балалардың ауызша сөйлеуін дамыту; |
| 5 | **Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту**<br>Математика негіздері | Қаржылық сауаттылық математикалық, конструктивтік ойлау дағдыларын, танымдық, интелектуалдық қабілеттерін дамыту.Заттарды зерттеу барысында олардың пішін көлемін көзбен өлшеу қолмен ұстау арқылы көрнекі бейнені ойлауды, есте сақтау қиялдауды, қолдың ұсақ маторикасын дамыту, (ойындар: Теңге алу, Айырмашылығын тап, Банкомат, Тенге бинго, Ақша жұмсап үйренеміз, Әмиян, Дүкен т.б. заттарды зерттеу барысында олардың пішінін, көлемін көзбен өлшеу, қолмен ұстау арқылы көрнекі-бейнелік ойлауды, есте сақтауды, қиялдауды, сөйлеуді, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; |
| 6 | **Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту;**<br>Сурет салу | Бояулар сыры- топ аралық байқау Қазақ ою-өрнектерінің түрлері ("түйетабан", "құсқанаты") туралы түсінігін кеңейту, өзіне тән элементтерді пайдалана отырып, оларды құрастыра білуін дамытусурет салуда әртүрлі түстерді қолданады, көп түске назар аударады;<br>суреттерді қылқаламмен, қаламмен бояу тәсілдерін біледі |
| 7 | Мүсіндеу | Зергерлік бұйымдарымен (тұмар, шашбау), туған өлкедегі мәдени мұра ескерткіштерімен таныстыру, аталған заттардан қалауы бойынша мүсіндеу және оларды ою-өрнектермен және қосымша заттармоншақпен безендіруермексаз, сазбалшық, пластикалық кесектерден әртүрлі тәсілдерді қолданып, бейнелерді мүсіндейді;<br>мүсінделген заттың, фигуралардың бетін тегістейді;<br>бірнеше бөліктен тұратын заттарды пішіндейді, олардың орналасуын ескере отырып, пропорцияларды сақтай отырып, бөліктерді байланыстырады |
| 8 | Жапсыру | Ұжымдық сюжетті композицияны құрастыру дағдыларын қалыптастыру, (Құстар біздің досымыз, Күз сыйы, Көкөністер, Балабақшам мақтанышым т.б.) қайшыны дұрыс ұстайды және оны қолдана алады;<br>қысқа және ұзын жолақтарды қияды;<br>текшеден дөңгелек пішін, тікбұрыштан бұрыштарын бүктеу арқылы сопақша пішіндерді қияды;<br>жемістерді, көгөністерді, гүлдерді, оюларды түрлі тәсілдермен қияды; |

| | | |
|---|---|---|
| | | бірнеше бөліктерден тұратын заттарды орналастырады және желімдейді |
| 9 | Құрастыру | **«Қамқор»** жобасы Кұстарға ұя саламыз, ата-анамен бірге өз бетінше ойдан құрастыруға, құрдастарымен бірлесіп, шығармашылықпен құрастыруға баулу. Құрастырылған затұяның шынайы бейнесі арасында байланыс орнату. Әже өсиеті, Әке шапағаты, Ұрпақ сабақтастырғы жоба жұмыстарын жүргізу.құрылыс бөлшектерін ажыратады және атайды, оларды құрылымдық қасиеттерін ескере отырып пайдаланады; заттарды өз бетінше сапасы, көлемі мен пішіні бойынша таңдайды; құрастырылған құрылыс бөлшектерінің кеңістікте орналасуын айқындайды |
| 10 | Музыка | **«Күй күмбірі»,** балаларды балабақшаға қабылдау барысында үнемі күй қою, шығармашылық зерттеу іс әрекет дағдыларын дамыту, музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау,ұлттық мәдениетті түсінуге, құрметтеуге, қызығушылғын артыру. -әртүрлі сипаттағы әндерді қабылдау,әуенді дұрыс,нақты интанациялау, сөздерді дәл айту дағдыларын қалытасттыру;<br>**Музыка тыңдау**<br>Әртүрлі сипаттағы , қарқындағы музыканы қабылдау, музыкаға деген өзіндік қатынасын, ол туралы пікірін айту;<br>Ұлттық мәдениетке қызығушылықтарын арттыру.<br>**Ән айту.**<br>-әртүрлі сипаттағы әндерді қабылдау,әуенді дұрыс,нақты интанациялау, сөздерді дәл айту дағдыларын қалытасттыру; әнді қимылдармен үйлестірі айтуды қалыптастыру. Аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеуінсіз ән айтуға баулу.<br>**Музыкалық-ырғақты қимылдар.**<br>-би қимылдары, ойындық музыкалық қимылдарды орындау дағдыларын қалытастыру;<br>**№1. «Ритмикалық ойындар»1-апта**<br>**Ойынның мақсаты:** ойын арқылы музыкағадеген қызығушылықтарын арттыру; музыканы эмоционалды сезіне білуге тәрбиелеу;<br>**№2.«Барабан не дейді?»1-апта**<br>**Ойынның мақсаты:**Әртүрлі қарқындағы музыканы қабылдау; ойындық музыкалық қимылдарды орындауға дағдыларын қалытастыру.<br>**№3.«Күн мен жаңбыр» ойыны.**2-апта<br>**Ойынның мақсаты:**Балалардың музыканың әртүрлі сипатын ажыратуға баулу (ойнақы, сабырлы). Шығармалардың көңіл-күйін сезіне білуге үйрету.Ұлттық құндылықты дәріптеу.<br>**№4. «Үкілі тақия» ойыны3-апта.**<br>**Ойынның мақсаты:** аспаптың сүйемелдеуінсіз ән айту дағдыларын қалыптастыру; өтілген әндерді есте сақтауға дағдыландыру; ұлттық мәдениетті түсінуге , құрматтеуге, қызығушылығын арттыру. |

| | | |
|---|---|---|
| | | **№5. «Қос дабыл» ойыны**<br>**Ойынның мақсаты:** дыбыстың қарқынын айыруға үйрету;музыкаға деген өзіндік қатынасын, ол туралы пікірін айтуға үйрету; |
| 11 | **Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру**<br>Қоршаған ортамен таныстыру | **«Үнемді тұтыну»,** «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру<br>Еңбегі адал жас өрен: үй жануарлары мен үй өсімдіктеріне күтім жасау<br>Қауіпсіздік ережесі Жолда қауіпсіздік ережелерін сақтау. Жол белгілерін (жүру бөлігі, жаяу жүргіншілер өткелі, тротуар) білу, бағдаршамның белгілеріне сәйкес жолдан өту. Жол қозғалысының қарапайым ережелерін, жаяу жүргіншілер қозғалыс ережелерін<br>сақтау.  ("Балалар", "Трамвай аялдамасы", "Автобус аялдамасы", "Метро аялдамасы", "Тройллебус аялдамасы", "Жаяу жүргіншілер жолы") жол белгілерімен таныстыруересектердің еңбегі, оның қоғамдық өмірдегі рөлі туралы, жалпы қабылданған нормалар мен ережелер негізінде құрдастарымен және ересектермен өзара қарым-қатынастары туралы білімдерін кеңейту;<br>отансүйгіштік сезімдерін, еліміздің жетістігіне мақтаныш сезімін тәрбиелеу;<br>құрдастарымен сыпайы қарым-қатынас жасауға баулу; |

**Әдіскер: Туримбетова Г.К.**

# МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ ЖОСПАРЫ ЖӘНЕ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ НЕГІЗІНДЕ 2024-2025 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ

**Білім беру ұйымы: ЖШС** "Бақжан" бөбекжай-бақшасы
**Тобы:** "Сандуғаш" ересек тобы
**Балалардың жасы:** 4 жастағы балалар
**Жоспардың құрылу кезеңі:** қазан айы, 2024-2025 оқу жылы

| Қ/с | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттіңміндеттері |
|---|---|---|
| **Қазан – тәуелсіздік және отаншылдық айы** | | |
| 1. | **Физикалық қасиеттерді дамыту**<br>Дене шынықтыру | **«Ұлттық ойын-ұлт қазынасы»** ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Ұлттық қимылды ойындарды ойнату. (Бестемше, Тас қала, Қыз қуу, Асық ату, Шаңырақ, Теңге алу, Бес тас, Шертпе тас, Тоғыз құмалақ т.б.) «Дарабоз» (тәрбиеленушілердің арасында 2- апта)«Жарысқа шық, жанұя» (ата-аналардың арасында 3-апта)<br>**«Ұлттық ойын-ұлт қазынасы»**<br>**-«Ақсерек-көксерек» ойыны**<br>Балалардың жылдамдық және шымырлық қабілетін арттыру.<br>**-«Сақина жасыру» ойыны.**<br>Баланың зейінінің тапқырлығын дамыту.<br>**-«Ұшты-ұшты» ойыны**<br>Балаларды аңғарпаздыққа, тапқырлыққа тәрбиелейді.<br>**-«Асық ату» ойыны**<br>Балаларды асық ойынының бір түрімен таныстыру. Ептіліктерін, ойынға қызығушылықтарын дамыту. |
| 2 | **Коммуникативтік дағдыларды дамыту**<br>Сөйлеуді дамыту | **«Өнегелі 15 минут»** ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру. Ұлттық дамытушы ортада ұлттық бұйымдарды ата-анамен бірге қарауға, кітапхана орталығында кітаптар көруге, алып оқыу, суреттерді қарауға, табиғат аясында «Балалар аллеясында» еңбек, ойын барысында еркін тілдік қарым-қатынас жасауға мүмкіндік беру. Ата-ананың үйде балабақшада балаға көңіл бөлуіне жағдай жасау.<br>Алуан түрлі заттарды сипаттауға, қарым-қатынас жасауға қажетті сөздерді қолдану және түсіндіру. Зат есімдер мен жалпылаушы сөздерді дұрыс қолдана білуді дамыту. Балаларға сөздерді мағынасына сәйкес қолдануға көмектесу. Қазақ халқының салт-дәстүрлерімен таныстыруды жалғастыру, «Асар», «Сүйінші сұрау» дәстүрлерінің мәнін түсіндіру, балаларды бір-біріне көмек қолын созуға, бірлесіп, келісіп ойнауға, тапсырманы орындауға, бір-бірінің қуанышына ортақтаса білуге, бір- |

| | | |
|---|---|---|
| | | біріне қамқор болуға баулу. |
| 3 | Көркем әдебиет | **«Еңбегі адал жас өрен» жобасы**<br>«Жас метеоролог» экологиялық бағытта<br>Шығарма мазмұнын сюжеттің бірізділігін сақтай отырып, эмоциямен, қисынды қайталап айтып беру. Диалогтік сөйлеуді дамыту, кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көзқарасын білдіру. Әдеби кейіпкердің белгілі бір әрекетін өзінің қалай қабылдағаны туралы айту. Кейіпкерлердің жасырын әрекетін түсіну. |
| | | |
| 4 | Қазақ тілі | **«Апта дәйек сөздері»** аптаның дәйек сөздері ақпараттық стендттерде,Led-экрандарда коридордағы теледидарларда орналастыру.<br>Ақырын жүріп анық бас,еңбгі кетпес даалаға.<br>Туған жерден артық ел де жоқ, Жер де жоқ.<br><br>Балалардың қоршаған ортаға өзінің қарым-қатынасын білдіруге, ауызекі сөйлеуде мақал-мәтелдерді, көркем сөздерді қолдануына қолдау көрсету, ынталандыру. |
| 5 | **Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту**<br>Математика негіздері | **Заттар мен құбылыстардың** математикалық мәнін тануға қызығушылықпен эмоционалды көзқарасты, ойлау мәдениетін, таным процесін ерікті реттеу, шыдамдылық, ұқыптылық, өзіне деген сенімділікті қалыптастыруға баулу. |
| 6 | **Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту;**<br>Сурет салу | Жеке заттарды және бірдей заттарды қайталап салу және олардың қасына басқа заттарды бейнелеу арқылы сюжеттік композицияларды салу. Сюжетті композицияларды салу кезінде әрбір затқа тән ерекшеліктерді, олардың бір-біріне арақатынасын беру. |
| 7 | Мүсіндеу | Бақылаған заттың бейнесін бере білу, затты әртүрлі қалыптарда мүсіндеу.Пішіннің бетін дымқыл шүберекпен тегістеу және кескішті пайдалану. Адамның бейнесін, жануарлардың қимылдарын, қол-аяқтардың қалпын дұрыс мүсіндеу. Заттардың ұзын |

| | | |
|---|---|---|
| | | және қысқа, жуан және жіңішке белгілерін көрсете білу. |
| 8 | Жапсыру | Заттық жапсыру:<br>Текшеден дөңгелек пішін, тікбұрыштан бұрыштарын бүктеу арқылы сопақша пішіндерді қиып алуға, бұл тәсілді жемістерді, көгөністерді, гүлдерді, оюларды қиюда қолдану. Қағаздан таныс немесе ойдан әртүрлі бейнелерді, қатпарланып бүктелген қағаздан бірдей бірнеше пішіндерді және екіге бүктелген қағаздан симметриялы пішіндегі заттарды қию. |
| 9 | Құрастыру | Құрылыс материалдарынан, конструктор бөлшектерінен құрастыру: ауызша сипаттау бойынша ұсынылған тақырыпқа, өз бетінше ойдан құрастыруға, құрдастарымен бірлесіп, шығармашылықпен құрастыруға баулу. Құрастырылған құрылысы мен құрылыстың шынайы бейнесі арасында байланыс орнату. Қағаздан құрастыру<br>Құрылыс материалдарынан, конструктор бөлшектерінен құрастыру: ауызша сипаттау бойынша ұсынылған тақырыпқа, өзбетінше ойдан құрастыруға, құрдастарымен бірлесіп, шығармашылықпен құрастыруға баулу. |
| 10 | Музыка | **«Күй күмбірі»**, балаларды балабақшаға қабылдау барысында  үнемі күй қою, шығармашылық зерттеу іс әрекет дағдыларын дамыту, музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау,ұлттық мәдениетті түсінуге, құрметтеуге, қызығушылғын артыру.<br>**Музыка тыңдау.**<br>Музыканың сипатын сезінуге үйрету, таныс шығармаларды білу, тыңдалған музыкадан алған әсерлері туралы әңгімелеу, музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын байқауға үйрету (ақырын, қатты, баяу, жылдам). Ұлттық мәдениетке деген қызығушылығын арттыру. Шағармашылық дағдыларды қалыптастыру барысында үнемі күй қойып отыру. Отансүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**Ән айту.**<br>Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету, әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру(ре-си бірінші октава шегінде).<br>**Билер.**<br>Жеңіл, ырғақпен қозғалу; жұппен би қимылдарын орындау.<br>**№7. Дидактикалық ойын: «Әуеннің дауысын ажырат» ойыны.1-апта.**<br>**Ойынның мақсаты:** Балаларды дыбыстың ұзақтығын ажырата білуге үйрету. Әуенді тыңдап , қысқа және ұзақ дыбыстардыанықтауға баулу.<br>**№8. Дидактикалық ойын:«Бұл қай кезде болады?» ойыны.**<br>**Ойынның мақсаты:** Жыл мезгілдері туралы ән, әуендерді тыңдап, ерекшеліктерін сипаттай білуге баулу. Тыңдалған шығармадан алған өз әсерлерін әңгімелей білуге дағдыландыру. |
| 11 | **Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** | **«Үнемді тұтыну»**,  «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру, қоғамның әлеуметтік және этикалық нормалары мен дәстүрлеріне, жалпы адами құндылықтарға баулу; дербестікке тәрбиелеу; Отанның тарихы мен мәдениетін білу және оған құрметпен қарауды қалыптастыру, туған жер туралы түсініктерін кеңейту; еңбек түрлеріне және әртүрлі мамандық иелеріне құрметпен |

| | | |
|---|---|---|
| | Қоршаған ортамен таныстыру | қарауды қалыптастыру; табиғат әлеміне танымдық қызығушылықты, табиғаттың тірі объектілеріне жанашырлық сезімін дамыту, қоршаған ортаға қатысты кейбір әрекеттерінің қарапайым салдарын көре білу; экологиялық мәдениеттің негіздерін қалыптастыру және табиғатта өзін қауіпсіз ұстау.<br>**Еңбегі адал жас өрен:** «Жас метеоролог» экологиялық бағытта<br>**Қауіпсіздік ережесі** «Қауіпсіздік ережелері» - жол қозғалысы ережелерін, тұрмыстағы, қоғамдық орындардағы, табиғаттағы өмірлік қауіпсіздік негіздерін, төтенше жағдай кезінде қауіпсіз мінез-құлық ережелерін үйрету<br>Тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін кеңейту. «Өлі табиғат» ұғымымен таныстыру (су, ауа, мұз сүңгілері, күн, бұлт, қар, тастар, жел, жаңбыр); өлі табиғат заттарын адамның қолымен жасалған заттардан ажырата білу. Тірі және өлі табиғат, табиғат құбылыстары (маусым, өсімдік, адам еңбегі) арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және түсіну.<br><br>Балалардың зерттеу әрекеті үшін жағдай жасау, табиғатпен таныстыру барысында заттар мен құбылыстардың өзіне тән, сипаттамалық белгілерін бақылау, талдау, салыстыру, ажырату. |

**Әдіскер: Туримбетова Г.К.**

# МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ ЖОСПАРЫ ЖӘНЕ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ НЕГІЗІНДЕ 2024-2025 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ

**Білім беру ұйымы: ЖШС** "Бақжан" бөбекжай-бақшасы
**Тобы:** "Сандуғаш" ересек тобы
**Балалардың жасы:** 4 жастағы балалар
**Жоспардың құрылу кезеңі:** қараша айы, 2024-2025 оқу жылы

| Қ/с | **Ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері** |
|---|---|---|
| | | Әділдік және жауапкершілік айы |
| 1. | **Физикалық қасиеттерді дамыту**<br>Дене шынықтыру | **Негізгі қимылдар:**<br>**Жүгіру.** Аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп, адымдап жүгіру, сапта бір-бірден, шеңбер бойымен, «жыланша», шашырап жүгіру. Түрлі тапсырмаларды орындай отырып: шапшаң және баяу қарқынмен, жетекшіні ауыстырып жүгіру, 1–1,5 минут ішінде баяу қарқынмен жүгіру; орташа жылдамдықпен жүруді кезектестіре отырып, 40–50 метрге жүгіру;<br>**Мәдени-гигеналық дағдыларды жетілдіру**<br>Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту.<br>**Қимылды ойындарға қызығушылықты дамыту.** Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету, ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу. Доптармен, секіргіштермен, құрсаулармен және т.б. ойындарда балалардың белсенділігін дамыту.<br>**«Ұлттық ойын-ұлт қазынасы»**<br>**-«Шертпек ойыны» . Ойынның негізгі**<br>**Мақсаты;** бүлдіршіндерге асық ойынның пайдасын ойын арқылы меңгерту.<br>**«Бес асық» ойыны.** Бүлдіршіндерді мергендікке ,ептілікке, дәлдікке баулу.<br>**«Бес кеней» ойыны. Бүлдіршіндердің ойлау қасиетін дамыту,** асық ойынын жан-жақты дамыту. |

| | | |
|---|---|---|
| | | **«Ханталапай ойыны». Асық ұту.**<br>**Межеленген 51 асықты атып алу** |
| 2 | **Коммуникативтік дағдыларды дамыту**<br>Сөйлеуді дамыту | **«Өнегелі 15 минут»** ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру. Ұлттық дамытушы ортада ұлттық бұйымдарды ата-анамен бірге қарауға, Мабильді кітапхана орталығында кітаптар көруге, алып оқыу, суреттерді қарауға, табиғат дамытушы ортада құстарды, балықтарды қоректендіруге мүмкіндік беру. Ата-ананың үйде балабақшада балаға көңіл бөлуіне жағдай жасау ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру;<br>**Сөйлеуді дамыту**<br>Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту, ызың және үнді (р, л) дыбыстарды анық айтуға жаттықтыру. Артикуляциялық аппаратты жетілдіру.<br>Сөздік қор.<br>Айналасындағы заттармен сөздік қорды кеңейту: тұрмыстық заттар және қоршаған орта заттарының қолданылу маңыздылығын түсіну, заттардың атауларын, олардың бөліктері мен бөлшектерін, олар жасалған материалдарды, материалдардың белгілі және белгісіз қасиеттерін сөйлеуде қолдануды дамыту.<br>Тілдің грамматикалық құрылымы<br>зат есімдерді жекеше және көпше түрде қолдану дағдысын дамыту<br>Байланыстырып сөйлеу.<br>Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу. |
| 3 | Көркем әдебиет | Әдеби шығармаларды мұқият тыңдауды, кейіпкерлерге жанашырлық танытуды,ондағы әрекеттердің дамуын қадағалау, мазмұнын түсінуге және олардың мазмұнын қайталап айтуда сюжет желісінің реттілігін сақтауға, автор сөздерін айту, кейіпкерлердің мінезін беру, шығарма мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруді, ересектермен бірге ертегі мен әңгіменің басын, соңын ойдан құрастыруға баулу. |
| 4 | Қазақ тілі | **Тілдік дамытушы орта**<br>Ұжымдық әңгімеге қатысуға, әңгімелесушінің сөзін бөлмей, кезекпен сөйлеуге баулу.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті**<br>Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту. Қазақ тіліне тән ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу.<br>**Сөздік қор** |

| | | |
|---|---|---|
| | | Туыстық қарым-қатынасты («сіңлі», «жеңге», «жезде», «нағашы», «жиен», «бөле») білдіретін сөздерді үйрету. Өзінің отбасы, отбасылық мерекелер, отбасындағы қызықты оқиғалар, салт-дәстүрлер туралы айтуға баулу.<br>Тілдің грамматикалық құрылымы<br>Етістіктің болымсыз түрін немесе есім сөздермен қолданылатын «емес» шылауын қолдана білуге үйрету<br>**Байланыстырып сөйлеу**<br>ойыншықтар мен заттарды 4-5 сөйлеммен сипаттауға, берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табуға баулу.йналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар, оқиғалар туралы ақпараттарды алуға және оларды талқылауға мүмкіндік беру. |
| 5 | **Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту**<br>Математика негіздері | **Жиын:**<br>Балаларға жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру, заттарды жұппен қою арқылы оларды санамай-ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білуді меңгерту.<br>**Сан, санау:**<br>Тең ұғымын екі тәсілмен саны бойынша кем топқа бір затты қосу немесе артық топтан алып тастау арқылы қалыптастыру, «қанша болды?», «қаншасы қалды?» сұрақтарына жауап беруге үйрету.<br>**Шама:**<br>Биіктігі бойынша екі затты салыстыру<br>Геометриялық пішіндер:<br>Геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) және денелерді (куб) танып, атай білуге үйрету, геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеу<br>**Кеңістікте бағдарлау**:<br>Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтауды, берілген бағытта қозғалу (алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен), заттарды оң қолмен солдан оңға қарай орналастыруды, заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеуді дамыту (менің алдымда үстел, сол жағымда орындық тұр).<br>**Уақытты бағдарлау:**<br>Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері, «бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарын кеңейту. |
| 6 | Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту;<br>Сурет салу | Қоршаған ортаның әсемдігіне, қазақ халқының және басқа халықтардың өнер туындыларына, киіз үйге, оның жабдықтарына, тұрмыстық заттарға, ойыншықтарға, сәндік-қолданбалы өнерге қызығушылықты дамыту.<br>Дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерін: «құс қанаты», «бүршік» элементтердің орналасу ретін, олардың арасындағы қашықтықты сақтауға зейін бөлуін дамыту . |

| | | |
|---|---|---|
| 7 | Мүсіндеу | Мүсінделген заттың, фигуралардың бетін тегістеуге үйрету.<br>Бірнеше бөліктерден заттарды мүсіндеу, оларды орналастыру, пропорцияларды сақтау, бөліктерді біріктіру дағдыларын пысықтау<br>Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтауын жетілдіру. |
| 8 | Жапсыру | Композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескеру. Ұсақ элементтерді ересектердің көмегімен желімдеу, алдымен қағаз бетінде заттың бейнелерін құрастырып, содан кейін оны желімдеуді меңгерту.<br>Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерімен, киіз үй оның жабдықтарымен, сандық, кебежемен, қоржынмен таныстыру. |
| 9 | Құрастыру | **Құрылыс материалдарынан, «лего» конструкторлардан құрастыру:**<br>Құрастыруға қолданған құрылыс бөлшектерін ажырату (текше, пластина, кірпіш, блок) және атау, оларды сапасы, көлемі мен пішіні бойынша таңдау, өз бетінше ойдан құрастыруға мүмкіндік беру<br>Қағаздан құрастыру:<br>Қағаздан құрастыруға үйрету: қағаздың парағын ортасынан бүктеп, шиыршықтап, ілмекке айналдыра білуін дамыту<br>Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру:<br>Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып және құрастыратын материалдарды өз бетінше таңдап, ойдан құрастыруға мүмкіндік беру. |
| 10 | Музыка | **Музыка тыңдау.**<br>Жоғары дыбыстарды ажырату<br>(секста, септима шегінде жоғары, төмен),<br>әндерді иллюстрацияларды көрсетумен және қимылдармен сүйемелдеу,<br>қазақтың ұлттық аспабы домбырамен орындалған әндер мен күйлерді тыңдату.<br>**Ән айту.**<br>Қысқа музыкалық фразалар арасында<br>тыныс алуды дамыту.<br>Әуенді таза және сөздерді анық айтуға, музыканың сипатын жеткізе білуге үйрету.<br>Аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеуінсіз ән айтуға баулу. Ұлттық құндылықтарды дәріптеу.<br>**№10. Дидактикалық ойын: «Үлкен және кішкентай дауылпаз» ойыны. 1-апта.**<br>**Ойынның мақсаты:** қатты және баяу дыбыстарды ажыратуға үйрету.<br>**№11. Дидактикалық ойын: «Ән салған кім?» 2-апта**<br>**Ойынның мақсаты:** аспаптың сүйемелдеуінсіз ән айту дағдыларын қалыптастыру; өтілген әндерді есте |

| | | |
|---|---|---|
| | | сақтауға дағдыландыру; ұлттық мәдениетті түсінуге , құрматтеуге, қызығушылығын арттыру.<br>**№12. Дидактикалық ойын: «Ритмикалық ойындар»**<br>**3-апта**<br>**Ойынның мақсаты:** балаларға күйді тыңдай отырып, ритмді қайталауға үйрету; ойын арқылы музыкаға деген қызығушылықтарын арттыру; музыканы эмоционалды сезіне білуге тәрбиелеу; шығармашылық дағдыларды қалыптастыру; ұлттық мәдениетті түсінуге, құрметтеуге қызығушылығын арттыру.<br>**№13. «Әуенді текше» 4-апта**<br>**Ойынның мақсаты:** балалардың музыкаға деген қызығушылықтарын артыру. Ойын арқылы ән айтуға , би билеуге, күй тыңдау және т.б музыкалық іс-әрекет дағдыларын шыңдау. Ұлттық құндылықтарымызды дәріптеу**.** |
| 11 | **Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру**<br>Қоршаған ортамен таныстыру | **Бала, оның отбасы, үйі:**<br>Баланы өсіп, жетілген ересек бала ретінде қабылдау, оның ойын ашық білдіруге мүмкіндік беру, келісім білдіру, жеке басын құрметтеуді үйрету.<br>**Заттық әлем:**<br>Қоршаған орта заттары, олардың қасиеттері және қолданылуы туралы түсініктерін кеңейту.<br>**Байланыс және қозғалыс құралдары:**<br>Қозғалыс ортасын ескере отырып, көлік құралдарын танып және атай білу дағдыларын қалыптастыру.<br>**Еңбекке баулу**<br>Шамасы келетін жұмысты орындау кезінде балалардың бастамасын қолдау: бөлме өсімдіктеріне күтім жасау, оларды суару, жапырақтарды жинау, қыстайтын құстарды қоректендіру.<br>**Адамгершілік және патриоттық тәрбие**.<br>Қарапайымдылыққа, мейірімділікке және әділдікке, ересектерге құрмет көрсетуге, кішілерге көмектесуге тәрбиелеу.<br>**Жолда жүру ережелері.**<br>Көлік түрлері, жол бөліктері (тротуар, жолдың жүру бөлігі мен жаяу жүргіншілер өтетін жол және жерасты жолдары, велосипедке арналған жол), бағдаршам белгілері, жолда жүру ережелері туралы білімдерін қалыптастыру.<br>**Өлі табиғат құбылыстары мен заттары.**<br>Ауа райы мен климаттық жағдайлардың өзгеруін бақылау. Қазақстанның түрлі аймақтарында ауа райының түрліше болуы туралы түсінік беру.<br>**Өсімдіктер әлемі.**<br>Өсімдіктер, оларға күтім жасау (жерді қопсыту, суару, жапырақтардың шаңын сүрту) туралы түсінікті дамыту.<br>**Жануарлар әлемі.**<br>Төрт түлік және оның төлдері (мінезіндегі ерекшеліктер, қозғалысы, қоректенуі, адамдарға пайдасы), оларға күтім жасаудағы ересектердің еңбегі туралы ұғымдарын кеңейту. |

| | | |
|---|---|---|
| | | Балалардың жалпы қабылданған мінез-құлық ережелері мен нормаларын меңгеруіне ықпал ету. Мінез-құлық мәдениеті мен сыпайы қарым-қатынас негіздерін қалыптастыруды жалғастыру; амандасу, қоштасудың қажеттігі туралы еске салу, ересектердің әңгімесіне араласпау, өз өтінішін сыпайы түрде білдіру, көрсеткен қызметі үшін алғыс айту. |

**Әдіскер: Туримбетова Г.К.**

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ ЖОСПАРЫ ЖӘНЕ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ НЕГІЗІНДЕ 2024-2025 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ

**Білім беру ұйымы: ЖШС** "Бақжан" бөбекжай-бақшасы
**Тобы:** "Сандуғаш" ересек тобы
**Балалардың жасы:** 4жастағы балалар
**Жоспардың құрылу кезеңі:** желтоқсан айы, 2024-2025 оқу жылы

| Қ/с | **Ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері** |
|---|---|---|
| | Бірлік пен Ынтымақ айы | |
| 1. | **Физикалық қасиеттерді дамыту**<br>Дене шынықтыру | **«Ұлттық ойын-ұлт қазынасы»**ынта мен шығармашылық танытa отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Ұлттық қимылды ойындарды ойнату. Еңбегі адал жас өрен, өзіне өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Табиғат орталығында, алаңқайда, топта, үйде қарапайым істерді орындауға көмектесу.<br>**«Ұлттық ойын-ұлт қазынасы»**<br>**«Теңге ілу ойыны»** Балаларды ептілікке,шапшаңдыққа үйрету.<br>**«Соқыр теке ойыны.»**Сөздік қорларын,ойлау қабілеттерін дамыту.<br>**«Қалашық ойыны.»Асықтармен ұпай жинай білу.**<br>**«Мергендер»ойыны.Асықтар ойынын дамыту.Асық ұтып ұпай жыйнау**<br>**«Тауық күрес»** ойыны.Шапшаідылықтарын,амал-айласын арттыру. Балалардыңсезінуқабілеттерін, байқампаздығын дамыту.<br>Еңбегі адал жас өрен, өзіне өзі қызмет көрсету. |
| 2 | **Коммуникативтік дағдыларды дамыту**<br>Сөйлеуді дамыту | **«Өнегелі 15 минут»** ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру. Ұлттық дамытушы ортада ұлттық бұйымдарды ата-анамен бірге қарауға, Мабильді кітапхана орталығында кітаптар көруге, алып оқыу, суреттерді қарауға, табиғат дамытушы ортада құстарды, балықтарды қоректендіруге мүмкіндік беру. Ата-ананың үйде балабақшада балаға көңіл бөлуіне жағдай жасауересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру;<br>**Сөздік қор.**<br>Баланың сөздік қорын айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстардың атауларымен кеңейту, аталған заттардың қолданылу аясы туралы балалармен талқылау.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы** |

| | | |
|---|---|---|
| | | Сан есімдерді ретімен атауға дағдыландыру<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға баулу |
| 3 | Көркем әдебиет | **«Балалар кітапханасы»**-жобасы Балаларды қол жетімді көркем шығармалар мен театр әлеміне баулу, кітапқа деген қызығушылығын дамыту.алаларға жастарына сәйкес тыңдауға, сахналауға, тәрбиелік мәні бар әдеби шығармаларды үйрету.<br>Сахналық қойылымдарға қатысуға, таныс әдеби шығармалар, ертегілер бойынша қарапайым қойылымдарды ойнауға, образды бейнелеу үшін мәнерлілік құралдарын (интонация, ым-ишара, қимыл) қолдануға, еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдауға, оларды басқа қырынан көрсетуге (қатыгез-мейірімді, аққөңіл-салмақты) ынталандыру. |
| 4 | Қазақ тілі | **«Апта дәйексөздері»** аптаның дәйексөздері ақпараттық стендттерде,Led-экрандарда, коридордағы теледидарларда орналастыру Ел боламын десең, бесігіңді түзе, Еңбек еткен — мұратқа жеткен, Досы жоқпен сырлас, досы көппен сыйлас. Дос – ажарың, жолдас – базарың. Қыркүйек білім күні Балабақша-жайлы мекен мерекелік шара<br>**Тілдік дамытушы орта**<br>Ұжымдық әңгімеге қатысуға, әңгімелесушінің сөзін бөлмей, кезекпен сөйлеуге баулу.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті**<br>Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту. Қазақ тіліне тән ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу.<br>**Сөздік қор**<br>Шағын өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар, тақпақтар жаттату, жұмбақтар шешкізу**.**<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы**<br>Етістіктің болымсыз түрін немесе есім сөздермен қолданылатын «емес» шылауын қолдана білуге үйрету<br>Байланыстырып сөйлеу<br>Бұрыннан таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға<br>одан кейінгі оқиғаны ойлап табуға баулу. |
| 5 | **Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту**<br>Математика негіздері | **Жиын:**<br>Жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру, заттарды жұппен қою арқылы оларды санамай-ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білу.<br>**Сан, санау:** |

| | | |
|---|---|---|
| | | 5-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту, реттік сан есімдерді атау<br>**Шама:**<br>Екі затты үстіне және қасына қою тәсілдерін қолданып<br>**Салыстыруды пысықтау**<br>**Кеңістікте бағдарлау:**<br>Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау, берілген бағытта қозғалу (алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен), заттарды оң қолмен солдан оңға қарай орналастыру, заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеуді дамыту (менің алдымда үстел, сол жағымда орындық тұр).<br>**Уақытты бағдарлау**:<br>Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері, «бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарын кеңейту. |
| 6 | Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту;<br>Сурет салу | Жеке заттарды және бірдей заттарды қайталап салу және олардың қасына басқа заттарды бейнелеу арқылы сюжеттік композицияларды салуды. Сюжетті композицияларды салу кезінде әрбір затқа тән ерекшеліктерді, олардың бір- біріне арақатынасын беруді жетілдіру. |
| 7 | Мүсіндеу | Бірнеше бөліктерден заттарды мүсіндеу, оларды орналастыру, пропорцияларды сақтау, бөліктерді біріктіруді қолдануды үйрету.<br>Көлемді пішіндер мен қарапайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылығын арттыру.<br>Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтауын қадағалау. |
| 8 | Жапсыру | Геометриялық пішіндерден, өсімдіктерден әзірленген ою-өрнектерді жолаққа бірізділігін ескере отырып, жапсыру дағдыларын қалыптастыру.<br>Элементтердің ретін, олардың арасындағы арақашықтықты сақтауды, пішінін ескере отырып, ұлттық ою-өрнекті қолданып, тұрмыстық заттарды, ыдыстарды безендіру дағдыларын дамыту. |
| 9 | Құрастыру | Құрылыс материалдарынан, «лего» конструкторлардан құрастыру:<br>Құрастырылған құрылыс бөлшектерінің кеңістікте орналасуын айқындау. Дайын құрылыспен түрлі ойындар ойнауға ынталандыру<br>Қағаздан құрастыру:<br>Қағаздың бұрыштарын және қырларын біріктіру, желімдеу, бөлшектерді өзара желімдеп, композиция құрастыруды үйрету<br>Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру: |

| | | |
|---|---|---|
| | | Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып және құрастыратын материалдарды өз бетінше таңдап, ойдан құрастыруға мүмкіндік беру. |
| 10 | Музыка | **«Күй күмбірі»,** балаларды балабақшаға қабылдау барысында үнемі күй қою, шығармашылық зерттеу іс әрекет дағдыларын дамыту, музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау,ұлттық мәдениетті түсінуге, құрметтеуге, қызығушылғын артыру. -әртүрлі сипаттағы әндерді қабылдау,әуенді дұрыс,нақты интанациялау, сөздерді дәл айту дағдыларын қалытасттыру;<br>**Ән айту:**<br>Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету,Әнді қимылдарменүйлестіріп айтуды қалыптастыру.Мазмұны бойынша таныс әндерді сахналауға баулу.<br>**Музыка тыңдау.**<br>Қазақтың ұлттық асбабы домбырамен орындалған әндер мен күйлерді тыңдау.<br>**Билер:**<br>Әуеннің көңілді сипатын қабылдауға үйрету,Музыканың кіріспесін ажыратуға үйрету,кіріспеден кейін қимылдарды бастау.Жеңіл ырғақпен қозғалу,жұппен би қимылдарын орындау,билерде ойындағы музикалық қимылдарды қолдану.<br>**Аспапта ойнау:**<br>Асатаяқ аспабы мен қасықтарды ойнату.<br>Ұлттық мәдинтіміз бен құндылықтарымызды әр іс-әрекетте дәріптеу.<br>**«Көңілді орындықтар»ойыны.**<br>Ойынның мақсаты:Балаларды таныс би қимылдарын қолдана отырып,музыканың сипатына сәйкес ойдан қимылдарын шығаруға үйрету,Шығармашылық тапсырмаларды орындауға ынталандыру.<br>**Дидактикалық ойын;«Аққалалар мен ақшақарлар»**<br>**Мақсаты**; Мазмұны бойынша таныс әндерді,әуендерді сахналауға баулу. Балаларды жанға жайлы әрә сергітетін әуенді ажырата білуге үйрету. |
| 10 | **Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру**<br>Қоршаған ортамен таныстыру | **Бала, оның отбасы, үйі:**<br>Баланың өсуі мен дамуы, өткені, бүгіні және болашағы туралы түсініктерді қалыптастыру («Мен кішкентай болдым, мен өсіп келемін, мен ересек боламын»).<br>**Заттық әлем:**<br>Көлік түрлерінің қолданысын (әуе, су, жерде жүретін көліктер) ажырата білуін ұйымдастыру<br>**Байланыс және қозғалыс құралдары:** |

| | | |
|---|---|---|
| | | Әртүрлі көлік құралдары мен оларды басқаратын адамдар туралы білімдерін жетілдіру.<br>**Еңбекке баулу**<br>Шамасы келетін жұмысты орындау кезінде балалардың бастамасын қолдау: бөлме өсімдіктеріне күтім жасау, оларды суару, қыстайтын құстарды қоректендіру.<br>**Адамгершілік және патриоттық тәрбие**.<br>Қарапайымдылыққа, мейірімділікке және әділдікке, ересектерге құрмет көрсетуге, кішілерге көмектесуге тәрбиелеу.<br>**Менің Отаным – Қазақстан.**<br>Мемлекеттік рәміздерге (ту, елтаңба, әнұран) құрметпен қарауға тәрбиелеу.<br>**Жолда жүру ережелері.**<br>Өз өмірінің қауіпсіздігінің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: ойын, ойын жабдықтарын пайдалану<br>**Өлі табиғат құбылыстары мен заттары**.<br>Бақылау күнтізбесінде ауа райын белгілеу (суық, жылы, күн шуақты, қар, жаңбыр жауды, жел соқты), соған сәйкес киіну дағдысын қалыптастыру.<br>**Өсімдіктер әлемі.**<br>Бөлме өсімдіктеріне және табиғат бұрышындағы жануарларға күтім жасау, адамның табиғатқа қамқорлық танытуының маңызы туралы білімдерін қалыптастыру.<br>**Жануарлар әлемі.**<br>Жабайы аңдар, олардың сыртқы түрі, қозғалуы, тіршілік ету ортасы, азығы, қысқа бейімделуі туралы ұғымдарын байыту.<br>Бақылау барысында жануарлар әлеміндегі маусымға тән көріністерді:<br>қыста - құстарды қоректендірудің қажеттігін ұғындыру<br>Балалардың жалпы қабылданған мінез-құлық ережелері мен нормаларын меңгеруіне ықпал ету.<br>Қоғамдық орындардағы мінез-құлық ережелері туралы түсініктерді кеңейту. Қоғамдық көліктегі мінез-құлық мәдениеті дағдыларын қалыптастыру. |

**Әдіскер: Туримбетова Г.К.**

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ ЖОСПАРЫ ЖӘНЕ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ

ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ НЕГІЗІНДЕ 2024-2025 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ

**Білім беру ұйымы: ЖШС** "Бақжан" бөбекжай-бақшасы
**Тобы:** "Сандуғаш" ересек тобы
**Балалардың жасы**: 4-жастағы балалар
**Жоспардың құрылу кезеңі:** қаңтар айы, 2024-2025 оқу жылы

| Қ/с | **Ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері** |
|---|---|---|
| **Заң және тәртіп айы** | | |
| 1. | **Физикалық қасиеттерді дамыту**<br>Дене шынықтыру | **«Ұлттық ойын-ұлт қазынасы»**<br>**-«Шертпегімді тап» ойыны.**<br>Ұлттық ойындардыбала бойына сіңіру.<br>**-«Түйілген орамал» ойыны .**<br>Шапшандылықтарын, амал-айласын арттыру.<br>**-«Омпы» ойыны.**<br>Асықты көп ұтып алу.<br>**-«Қара құлақ» ойыны.**<br>Балаларда бағыт бағдарды дамыту.<br>**Еңбегі адал жас өрен,** өзіне-өзі қызмет көрсету. |
| 2 | **Коммуникативтік дағдыларды дамыту**<br>Сөйлеуді дамыту | **«Өнегелі 15 минут»** ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру. Ұлттық дамытушы ортада ұлттық бұйымдарды ата-анамен бірге қарауға, Мабильді кітапхана орталығында кітаптар көруге, алып оқыу, суреттерді қарауға, табиғат дамытушы ортада құстарды, балықтарды қоректендіруге мүмкіндік беру. Ата-ананың үйде балабақшада балаға көңіл бөлуіне жағдай жасауересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру;<br>**Сөздік қор.**<br>Баланың сөздік қорын айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстардың атауларымен кеңейту, аталған заттардың қолданылу аясы туралы балалармен талқылау.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы**<br>Сан есімдерді ретімен атауға дағдыландыру<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға баулу |
| 3 | Көркем әдебиет | **«Балалар кітапханасы»**-жобасы Балаларды қол жетімді көркем шығармалар мен театр |

| | | |
|---|---|---|
| | | әлеміне баулу, кітапқа деген қызығушылығын дамыту.алаларға жастарына сәйкес тыңдауға, сахналауға, тәрбиелік мәні бар әдеби шығармаларды үйрету.<br>Сахналық қойылымдарға қатысуға, таныс әдеби шығармалар, ертегілер бойынша қарапайым қойылымдарды ойнауға, образды бейнелеу үшін мәнерлілік құралдарын (интонация, ым-ишара, қимыл) қолдануға, еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдауға, оларды басқа қырынан көрсетуге (қатыгез-мейірімді, аққөңіл-салмақты) ынталандыру. |
| 4 | Қазақ тілі | **«Апта дәйексөздері»** аптаның дәйексөздері ақпараттық стендттерде,Led-экрандарда, коридордағы теледидарларда орналастыру **1.“Тәртіп жауапкершіліктің- бірінші қаруы”**<br>**2.“Дүниеде достық заңынан асқан заң жоқ. 3.“Тәртіп- тәрбие бастауы.4.“Әділ заң - аспан тірегі”**<br>**Тілдік дамытушы орта**<br>Ұжымдық әңгімеге қатысуға, әңгімелесушінің сөзін бөлмей, кезекпен сөйлеуге баулу.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті**<br>Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту. Қазақ тіліне тән ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу.<br>Сөздік қор.<br>Шағын өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар, тақпақтар жаттату, жұмбақтар шешкізу.<br>Шығарманы жеткізуде оның мазмұны мен сипатына сәйкес түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, мәнерлеп айтуға баулу. Кітаптан ертегілер, көркем шығармалар оқып беруде олардың мазмұнын дұрыс қабылдауға, кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға, кейіпкердің ісәрекетіне өз ойын білдіруге баулу. Тыңдалған шығарма кейіпкерлерінің бейнесін сахналық қойылымдарда жеткізе білуге, еркін ойындарда кейіпкерлердің бейнесін басқа қырынан көрсете білуге мүмкіндік беру. |
| 5 | **Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту**<br>Математика негіздері | **Шама**<br>Ұзындығы, ені, және биіктігі бойынша екі затты салыстыру, екі затты үстіне және қасына қою тәсілдерін қолданып, жуандығы бойынша заттарды салыстыру, салыстыру нәтижелерін ұзын-қысқа, енді-енсіз, биік-аласа, жуан-жіңішке сын есімдермен белгілеу. Бірнеше затты өсу және кему ретімен орналастырып, салыстыру. |
| 6 | Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту;<br>Сурет салу | Жеке заттарды және бірдей заттарды қайталап салу және олардың қасына басқа заттарды бейнелеу арқылы сюжеттік композицияларды салуды. Сюжетті композицияларды салу кезінде әрбір затқа тән ерекшеліктерді, олардың бір- біріне арақатынасын беруді жетілдіру. |
| 7 | Мүсіндеу | Бірнеше бөліктерден заттарды мүсіндеу, оларды орналастыру, пропорцияларды сақтау, бөліктерді біріктіруді қолдануды үйрету.<br>Көлемді пішіндер мен қарапайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылығын арттыру.<br>Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтауын қадағалау. |

| | | |
|---|---|---|
| 8 | Жапсыру | Геометриялық пішіндерден, өсімдіктерден әзірленген ою-өрнектерді жолаққа бірізділігін ескере отырып, жапсыру дағдыларын қалыптастыру.<br>Элементтердің ретін, олардың арасындағы арақашықтықты сақтауды, пішінін ескере отырып, ұлттық ою-өрнекті қолданып, тұрмыстық заттарды, ыдыстарды безендіру дағдыларын дамыту. |
| 9 | Құрастыру | Құрылыс материалдарынан, «лего» конструкторлардан құрастыру:<br>Құрастырылған құрылыс бөлшектерінің кеңістікте орналасуын айқындау. Дайын құрылыспен түрлі ойындар ойнауға ынталандыру<br>Қағаздан құрастыру:<br>Қағаздың бұрыштарын және қырларын біріктіру, желімдеу, бөлшектерді өзара желімдеп, композиция құрастыруды үйрету<br>Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру:<br>Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып және құрастыратын материалдарды өз бетінше таңдап, ойдан құрастыруға мүмкіндік беру. |
| 10 | Музыка | **«Күй күмбірі»,** балаларды балабақшаға қабылдау барысында үнемі күй қою, шығармашылық зерттеу іс әрекет дағдыларын дамыту, музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау,ұлттық мәдениетті түсінуге, құрметтеуге, қызығушылғын артыру. -әртүрлі сипаттағы әндерді қабылдау,әуенді дұрыс,нақты интанациялау, сөздерді дәл айту дағдыларын қалытасттыру;<br>**№6. Әуенді-ырғақты қимыл «Қосарланып билеу»**<br>**1-апта.**<br>Ойынның мақсаты: би қимылдары, ойындық музыкалық қимылдарды орындау дағдыларын қалытастыру; жұптасып тұру, секіруге үйрету.<br>**№18. «Үш би» (а,ә). 2-апта** би жанрларын (полька, ұлттық би, вальс) ажырата білуге, би түрлерін есте сақтауға, әуенді естіп қабылдауға баулиды.<br>**№14. «Көңілді орындық» ойыны.3-апта.**<br>Ойынның мақсаты: Балаларды таныс би қимылдарын қолдана отырып, музыканың сипатына сәйкес ойдан би қимылдарын шығаруға үйрету; Шығармашылық тапсырмаларды орындауға ынталандыру.<br>**№15. Дидактикалық ойын. «Аққалалар мен ақшақарлар» 4-апта.**<br>Мақсаты: Мазмұны бойынша таныс әндерді, әуендерді сахналауға баулу. Балаларды жанға жайлы әрі сергітетін әуенді ажырата білуге үйрету. |
| 10 | **Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру**<br>Қоршаған ортамен таныстыру | **Еңбекке баулу.**<br>Жақындарының мамандықтарымен таныстыру, олардың атқаратын қызметінің маңызын түсіну, ата-анасының мамандықтарына қызығушылықты қалыптастыру. Айналаны қоршаған заттар, ойыншықтар – адамдардың еңбегімен жасалғаны туралы түсінік беру, оған ұқыпты қарауға баулу.<br>***Жолда жүру ережелері.*** |

| | | |
|---|---|---|
| | | Өз өмірінің қауіпсіздігінің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: ойын, ойын жабдықтарын пайдалану<br>**Өлі табиғат құбылыстары мен заттары**.<br>Бақылау күнтізбесінде ауа райын белгілеу (суық, жылы, күн шуақты, қар, жаңбыр жауды, жел соқты), соған сәйкес киіну дағдысын қалыптастыру.<br>**Өсімдіктер әлемі.**<br>Бөлме өсімдіктеріне және табиғат бұрышындағы жануарларға күтім жасау, адамның табиғатқа қамқорлық танытуының маңызы туралы білімдерін қалыптастыру.<br>**Жануарлар әлемі.**<br>Жабайы аңдар, олардың сыртқы түрі, қозғалуы, тіршілік ету ортасы, азығы, қысқа бейімделуі туралы ұғымдарын байыту.<br>Бақылау барысында жануарлар әлеміндегі маусымға тән көріністерді:<br>қыста - құстарды коректендірудің қажеттігін ұғындыру<br>Балалардың жалпы қабылданған мінез-құлық ережелері мен нормаларын меңгеруіне ықпал ету.<br>Қоғамдық орындардағы мінез-құлық ережелері туралы түсініктерді кеңейту. Қоғамдық көліктегі мінез-құлық мәдениеті дағдыларын қалыптастыру. |

**Әдіскер: Туримбетова Г.К.**

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ ЖОСПАРЫ ЖӘНЕ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ

ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ НЕГІЗІНДЕ 2024-2025 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ

**Білім беру ұйымы: ЖШС** "Бақжан" бөбекжай-бақшасы
**Тобы:** "Сандуғаш" ересек тобы
**Балалардың жасы:** 4-жастағы балалар
**Жоспардың құрылу кезеңі:** 2024-2025 оқу жылы, ақпан айы

| Қ/с | **Ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері** |
|---|---|---|
| | | «Жасампаздық және жаңашылдық» |
| 1. | **Физикалық қасиеттерді дамыту**<br>Дене шынықтыру | **«Ұлттық ойын-ұлт қазынасы»**<br>**-«Көтермек»** ойыны.<br>Балаларды ұлттық ойынмен таныстыру.<br>**-«Сақ құлақ»** ойыны.<br>Балалардың есту қабілетін, шапшаңдықтарын, зердесін дамыту.<br>**-«Тасымалдау»** ойыны.<br>Зеректілікке, ептілікке және икемділікке үйрету.<br>**-«Кім жылдам»** ойыны.<br>Балалардың зеректік қабілетін дамыту.<br>**Еңбегі адал жас өрен,** өзіне-өзі қызмет көрсету. |
| 2 | **Коммуникативтік дағдыларды дамыту**<br>Сөйлеуді дамыту | **«Өнегелі 15 минут»** ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру. Ұлттық дамытушы ортада ұлттық бұйымдарды ата-анамен бірге қарауға, Мабильді кітапхана орталығында кітаптар көруге, алып оқыу, суреттерді қарауға, табиғат дамытушы ортада құстарды, балықтарды қоректендіруге мүмкіндік беру. Ата-ананың үйде балабақшада балаға көңіл бөлуіне жағдай жасауересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру;<br>**Сөздік қор.**<br>Баланың сөздік қорын айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстардың атауларымен кеңейту, аталған заттардың қолданылу аясы туралы балалармен талқылау.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы**<br>Сан есімдерді ретімен атауға дағдыландыру<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға баулу |

| | | |
|---|---|---|
| 3 | Көркем әдебиет | **«Балалар кітапханасы»**-жобасы Балаларды қол жетімді көркем шығармалар мен театр әлеміне баулу, кітапқа деген қызығушылығын дамыту.алаларға жастарына сәйкес тыңдауға, сахналауға, тәрбиелік мәні бар әдеби шығармаларды үйрету.<br>Сахналық қойылымдарға қатысуға, таныс әдеби шығармалар, ертегілер бойынша қарапайым қойылымдарды ойнауға, образды бейнелеу үшін мәнерлілік құралдарын (интонация, ым-ишара, қимыл) қолдануға, еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдауға, оларды басқа қырынан көрсетуге (қатыгез-мейірімді, аққөңіл-салмақты) ынталандыру. |
| 4 | Қазақ тілі | **«Апта дәйексөздері»** аптаның дәйексөздері ақпараттық стендттерде,Led-экрандарда, коридордағы теледидарларда орналастыру **1.“Тәртіп жауапкершіліктің- бірінші қаруы” 2.“Дүниеде достық заңынан асқан заң жоқ. 3.“Тәртіп- тәрбие бастауы.4.“Әділ заң - аспан тірегі”**<br>**Тілдік дамытушы орта**<br>Ұжымдық әңгімеге қатысуға, әңгімелесушінің сөзін бөлмей, кезекпен сөйлеуге баулу.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті**<br>Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту. Қазақ тіліне тән ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу.<br>Сөздік қор.<br>Шағын өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар, тақпақтар жаттату, жұмбақтар шешкізу.<br>Шығарманы жеткізуде оның мазмұны мен сипатына сәйкес түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, мәнерлеп айтуға баулу. Кітаптан ертегілер, көркем шығармалар оқып беруде олардың мазмұнын дұрыс қабылдауға, кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға, кейіпкердің ісәрекетіне өз ойын білдіруге баулу. Тыңдалған шығарма кейіпкерлерінің бейнесін сахналық қойылымдарда жеткізе білуге, еркін ойындарда кейіпкерлердің бейнесін басқа қырынан көрсете білуге мүмкіндік беру. |
| 5 | **Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту**<br>Математика негіздері | **Шама**<br>Ұзындығы, ені, және биіктігі бойынша екі затты салыстыру, екі затты үстіне және қасына қою тәсілдерін қолданып, жуандығы бойынша заттарды салыстыру, салыстыру нәтижелерін ұзын-қысқа, енді-енсіз, биік-аласа, жуан-жіңішке сын есімдермен белгілеу. Бірнеше затты өсу және кему ретімен орналастырып, салыстыру. |
| 6 | **Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту;**<br>Сурет салу | Жеке заттарды және бірдей заттарды қайталап салу және олардың қасына басқа заттарды бейнелеу арқылы сюжеттік композицияларды салуды. Сюжетті композицияларды салу кезінде әрбір затқа тән ерекшеліктерді, олардың бір- біріне арақатынасын беруді жетілдіру. |
| 7 | Мүсіндеу | Бірнеше бөліктерден заттарды мүсіндеу, оларды орналастыру, пропорцияларды сақтау, бөліктерді біріктіруді қолдануды үйрету. |

| | | |
|---|---|---|
| | | Көлемді пішіндер мен қарапайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылығын арттыру.<br>Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтауын қадағалау. |
| 8 | Жапсыру | Геометриялық пішіндерден, өсімдіктерден әзірленген ою-өрнектерді жолаққа бірізділігін ескере отырып, жапсыру дағдыларын қалыптастыру.<br>Элементтердің ретін, олардың арасындағы арақашықтықты сақтауды, пішінін ескере отырып, ұлттық ою-өрнекті қолданып, тұрмыстық заттарды, ыдыстарды безендіру дағдыларын дамыту. |
| 9 | Құрастыру | Құрылыс материалдарынан, «лего» конструкторлардан құрастыру:<br>Құрастырылған құрылыс бөлшектерінің кеңістікте орналасуын айқындау. Дайын құрылыспен түрлі ойындар ойнауға ынталандыру<br>Қағаздан құрастыру:<br>Қағаздың бұрыштарын және қырларын біріктіру, желімдеу, бөлшектерді өзара желімдеп, композиция құрастыруды үйрету<br>Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру:<br>Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып және құрастыратын материалдарды өз бетінше таңдап, ойдан құрастыруға мүмкіндік беру. |
| 10 | Музыка | **Музыка тыңдау.**<br>Музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын байқауға үйрету (ақырын, қатты, баяу, жылдам).Іс-әрекет барысында ұлттық құндылықтарды дәріптеу.<br>**Ән айту.**<br>Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйретуді жалғастыру.<br>**Музыкалық-ырғақты қимылдар**<br>Музыканың көңілді, ойнақы сипатын қабылдау, мазмұны бойынша таныс әндерді сахналауға баулу, музыканың ырғағына сәйкес әртүрлі қарқынмен секіру.<br>**Балалар музыкалық аспатарында ойнау.**<br>Таныс әндерді орындауда балаларға арналған әртүрлі шулы музыкалық асатарды қолдану. Барабан, металлафон, сылдырмақ аспаптарында қарапайым әуендерді ойнау.<br>**Билер.**<br>Билерде ойындағы музыкалық қимылдарды қолдану,<br>музыканың сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау, шеңбер бойымен ән айтып жүру, қимылдарды өзгерту,<br>шапшаңдық пен ептілік таныту.<br>**Іс-әрекет барысында ұлттық құндылықтарды дәріптеу.**<br>**№19. Дидактикалық ойын: «Бізге келген қонақтар»** ойыны.  1-апта.<br>Мақсаты:. Барабан, металлафон, сылдырмақ аспаптарында қарапайым әуендерді ойнату. Дыбыс ерекшеліктерін ажырата білуге үйрету.<br>**№20. Дидактикалық ойын:«Ол қалай жүреді?»** 2-апта. |

| | | |
|---|---|---|
| | | Мақсаты:Билерде ойындағы музыкалық қимылдарды қолдану, музыканың сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау, қимылдарды өзгерту, шапшаңдық пен ептілік таныту.<br><br>**№21. Дидактикалық ойын:«Қар астындағы қызықтар»** ойыны. 3-апта<br>Мақсаты:Музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын байқауға үйрету (ақырын, қатты, баяу, жылдам).Балаларға арналған әртүрлі шулы музыкалық аспаптарда ойнау.<br>**№22. Дидактикалық ойын: «Ыстық-суық»** ойыны. 4-апта<br>Музыканың көңілді, ойнақы сипатын қабылдау,мазмұны бойынша таныс әндерді сахналауға баулу,  музыканың ырғағына сәйкес әртүрлі қарқынмен секіру. |
| 11 | **Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру**<br>Қоршаған ортамен таныстыру | **Еңбекке баулу.**<br>Жақындарының мамандықтарымен таныстыру, олардың атқаратын қызметінің маңызын түсіну, ата-анасының мамандықтарына қызығушылықты қалыптастыру. Айналаны қоршаған заттар, ойыншықтар – адамдардың еңбегімен жасалғаны туралы түсінік беру, оған ұқыпты қарауға баулу.<br>**Жолда жүру ережелері.**<br>Өз өмірінің қауіпсіздігінің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: ойын, ойын жабдықтарын пайдалану<br>**Өлі табиғат құбылыстары мен заттары**.<br>Бақылау күнтізбесінде ауа райын белгілеу (суық, жылы, күн шуақты, қар, жаңбыр жауды, жел соқты), соған сәйкес киіну дағдысын қалыптастыру.<br>**Өсімдіктер әлемі.**<br>Бөлме өсімдіктеріне және табиғат бұрышындағы жануарларға күтім жасау, адамның табиғатқа қамқорлық танытуының маңызы туралы білімдерін қалыптастыру.<br>**Жануарлар әлемі.**<br>Жабайы аңдар, олардың сыртқы түрі, қозғалуы, тіршілік ету ортасы, азығы, қысқа бейімделуі туралы ұғымдарын байыту.<br>Бақылау барысында жануарлар әлеміндегі маусымға тән көріністерді:<br>қыста - құстарды қоректендірудің қажеттігін ұғындыру<br>Балалардың жалпы қабылданған мінез-құлық ережелері мен нормаларын меңгеруіне ықпал ету. Қоғамдық орындардағы мінез-құлық ережелері туралы түсініктерді кеңейту. Қоғамдық көліктегі мінез-құлық мәдениеті дағдыларын қалыптастыру. |

ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ

**Білім беру ұйымы: ЖШС** "Бақжан" бөбекжай-бақшасы
**Тобы:** "Сандуғаш" ересек тобы
**Балалардың жасы:** 4-жастағы балалар
**Жоспардың құрылу кезеңі:** 2024-2025 оқу жылы, наурыз айы

| **Ұйымдастырылған іс әрекет** | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|
| **Заң және тәртіп айы** | |
| **Физикалық қасиеттерді дамыту**<br>Дене шынықтыру | **Кеудеге арналған жаттығулар**<br>Екі қолды белге қойып, оңға-солға бұрылу (жылдам және бір қалыпты). Оңға, солға еңкею, шалқаю. Тұрған қалыпта екі аяқ бірге (алшақ), алға еңкейіп, қолдың саусақтарын аяқтың ұшына жеткізіп, заттарды қою және жоғары көтеру. Тізерлеп отырып, допты өзінен айналдыра домалату.<br>**Аяққа арналған жаттығулар**<br>Аяқтың ұшына көтерілу және тұру. Екі аяқты кезекпен алға қою, алдымен өкшені, содан кейін аяқтың ұшын қою, тарсылдату. Қатарынан 4-5 рет жартылай отыру. Екі қолды белге қойып, екі жаққа созып, отыру. Тізені бүгу, алға созу, қайтадан бүгу және түсіру. Аяқтың ұшын созу, өкшені айналдыру.<br>**Дербес қимыл белсенділігі**.<br>Балалардың доптармен, қозғалатын ойыншықтармен, құрсаулармен ойындарын қолдау, дене шынықтыру құралдарын, спорттық және қимылды ойындарға арналған атрибуттарды пайдалануға ынталандыру. Балаларды педагогпен бірге жаттығуларды орындауға, қимылды ойындарға қатысуға тарту.<br>**«Ұлттық ойын-ұлт қазынасы»**<br>**-«Үш асық» ойыны.**Бүлдіршіндердің ойлау қасиетін дамыту, асық ойынын жан-жақтыдамыту.<br>-« **Үш асық» ойыны .**Бүлдіршіндердің ойлау қасиетін дамыту, асық ойынын жан-жақтыдамыту.<br>**-«Ақсерек-көксерек» ойыны .**Балалардыңжылдамдықжәнешымырлыққабілетінарттыру.<br>**-«Күш сынаспақ» ойыны.**Дәстүрлік таным түйсігін дамыту. Ой-өрістерін жетілдіру. |

| | |
|---|---|
| | Ұлтжандыққа тәрбиелеу.<br>**Еңбегі адал жас өрен,** өзіне-өзі қызмет көрсету. |
| **Коммуникативтік дағдыларды дамыту**<br>Сөйлеуді дамыту | **«Өнегелі 15 минут»** ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру. Ұлттық дамытушы ортада ұлттық бұйымдарды ата-анамен бірге қарауға, Мабильді кітапхана орталығында кітаптар көруге, алып оқыу, суреттерді қарауға, табиғат дамытушы ортада құстарды, балықтарды қоректендіруге мүмкіндік беру. Ата-ананың үйде балабақшада балаға көңіл бөлуіне жағдай жасауересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру;<br>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.<br>Дикция бойынша жұмысты жалғастыру: сөздер мен сөзтіркестерінің дұрыс айтылуын жақсарту<br>**Сөздік қор.**<br>Балаларды қазақ халқының қонақжайлылық дәстүрімен таныстыру,қонақты күтіп алу,төрге отырғызу,«қонаққәде»,«сыбаға»,асқайыру,батаберу,қонақты шығарып салу дәстүрлерін үйрету арқылы үлкендерді сыйлауға,дастархан басында әдептілікті сақтауға баулу.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы**<br>Зат есімдерді сын есімдермен байланыстыруға үйрету<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Ұсынылған сюжеттер бойынша қойылымдарды сахналауға үйрету. |
| Көркем әдебиет | **«Балалар кітапханасы»**-жобасы Балаларды қол жетімді көркем шығармалар мен театр әлеміне баулу, кітапқа деген қызығушылығын дамыту.алаларға жастарына сәйкес тыңдауға, сахналауға, тәрбиелік мәні бар әдеби шығармаларды үйрету.<br>Сахналық қойылымдарға қатысуға, таныс әдеби шығармалар, ертегілер бойынша қарапайым қойылымдарды ойнауға, образды бейнелеу үшін мәнерлілік құралдарын (интонация, ым-ишара, қимыл) қолдануға, еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдауға, оларды басқа қырынан көрсетуге (қатыгез-мейірімді, аққөңіл-салмақты) ынталандыру.Шешендікке, сөз өнеріне баулу, халық ауыз әдебиеті шығармаларымен таныстыру,санамақ,жаңылтпаш айту, жұмбақ шешу,айтыс өнеріне баулу.Балалардың кітаптағы иллюстрацияларды өз бетінше қарастырып, ертегі,әңгіме құрастыруына мүмкіндік беру. |
| Қазақ тілі | **«Апта дәйек сөздері»** аптаның дәйексөздері ақпараттық стендттерде,Led-экрандарда, коридордағы теледидарларда орналастыру Тәуелсіздік және отаншылдық. 1. «Патриотизм-ата-анаңды құрметтей білуің...» 2. «Тәуелсіздік- тәтті сөз ғана емес, ұлттық жауапкершілік » 3. «Ар-намыс қана тәуелсіздікке тірек бола алады» 4. «Патриотизмі жоқ халық жаны жоқ тәнмен тең.»<br>**Тілдік дамытушы орта** |

| | |
|---|---|
| | Сөйлесу барысында әңгімелесушінің назарын өзіне аудару үшін интонациямен сөйлеу мәнерін өзбетінше қолдануға баулу<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті**<br>Артикуляциялық және дауыс аппаратын,сөйлеуде тыныс алуды,фонематикалық естуді,анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту. Қазақ тіліне тәнө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу.<br>**Сөздік қор**<br>Шығарманы жеткізуде оның мазмұнымен сипатына сәйкес түрлі интонацияларды,үзілістерді,логикалық екпінді қолданып,мәнерлеп айтуға баулу.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы**<br>Өз ойын жай және жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру.<br>**Байланыстырып сөйлеу**<br>Бір-біріне неге, не үшін деген зерттеу сипатындағы сұрақтарды қоюға<br>мүмкіндік беру. |
| **Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту**<br>Математика негіздері | **Жиын:**<br>Жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру,заттарды жұппен қою арқылы оларды санамай-ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білуіне мункіндіктер беру.<br>**Сан, санау:**<br>Реттік сан есімдерді атау,сандарды реті бойынша атауға«нешінші?»сұрағына жауап беруге және қорытынды санды атауға,«барлығы қанша?»сұрағына жауап беруге үйрету.<br>5көлемінде тура және кері санауға жаттықтыру.<br>**Шама:**<br>Бірнеше затты өсу және кему ретімен  орналастырып,салыстыру.<br>Геометриялық пішіндер: сөйлеуде сын есімдерді қолданып,салыстыру нәтижелерін атауды дамыту(ұзындау-қысқалау,кеңдеу-тарлау).<br>**Кеңістікте бағдарлау:**<br>Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау,берілген бағытта қозғалу(алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен), заттарды оң қолмен солдан оңға қарай орналастыру,заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеуді жетілдіру (менің алдымда үстел,сол жағымда орындық тұр).<br>**Уақытты бағдарлау:**<br>Тәулік бөліктері(таңертең,күндіз,кеш,түн)олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері, «бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарын кеңейту. |
| **Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту**<br>Сурет салу | Жеке заттарды және бірдей заттарды қайталап салу және олардың қасына басқа заттарды бейнелеу арқылы сюжеттік композицияларды салу.Сюжетті композицияларды салу кезінде әрбір затқа тән ерекшеліктерді, олардың бір-біріне арақатынасын беруді пысықтау.<br>«құстұмсық»,«ботамойын»,«ботакөз» элементтердің орналасу ретін,олардың арасындағы қашықтықты сақтауды қалыптастыру. |
| Мүсіндеу | Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру, оларды мүсіндеуге баулу.Дайын мүсінді |

| | |
|---|---|
| | дөңгелек,сопақ,шаршы,үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерімен безендіруді жалғастыру. |
| Жапсыру | Қазақхалқының сәндік-қолданбалы өнерімен,киізүй оның жабдықтарымен,сандық,кебежемен,қоржынмен таныстыру.<br>Геометриялық пішіндерден, өсімдіктерден әзірленген ою-өрнектерді жолаққа бірізділігін ескере отырып,жапсырудағ дыларын қалыптастыру.<br>Жапсыруда қауіпсіздік ережелерін сақтау,жұмысты ұқыптылықпен орындау дағдысын пысықтау. |
| Құрастыру | Құрылыс материалдарынан, «лего»конструкторлардан құрастыру:<br>Ұжымдық құрастыруға қызығушылықты ояту, түрлі құрылымдық тәсілдерді қолдану, командамен бірге нәтижеге қол жеткізу, дайын құрылысты талдауды үйрету.<br>Қағаздан құрастыру:<br>«Оригами»үлгісі бойынша қарапайым пішіндер құрастыруды дамыту.<br>Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру:<br>Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен(киіз үйдің жабдықтары, әшекей бұйымдары), тұрмыстық заттарымен(күбі, мес, келі) таныстыру, олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеуді жетілдіру. |
| Музыка | **Музыка тыңдау.**<br>Тыңдалған музыкадан алған әсерлері туралы әңгімелеу.<br>Қазақтың ұлттық аспабы домбырамен орындалған әндер мен күйлерді тыңдату.<br>**Ән айту.**<br>Аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеуінсіз ән айтуға баулу.Әнді қимылдармен үйлестіріп айтуды қалытастыру.<br>**Музыкалық-ырғақты қимылдар**<br>Қимылдарды музыкамен сәйкестендіре отырып, жүрелеп отыру, музыканың екінші бөлігінде қимылдарды өзгерту.<br>**Балалар музыкалық аспаптарында ойнау.**<br>Таныс әндерді орындауда балаларға арналған әртүрлі шулы музыкалық аспаптарды қолдану. Асатаяқ, домбыра, сазсырнайда қарапайым әуендерді ойнау.Балалар музыкалық аспаптарын тану және атау.<br>**Билер.** Музыканың көңілді, ойнақы сипатын ажырата білу, атрибуттар**. Көңілді текше ойыны .**<br>**Мақсаты:**Музыканың көңілді, ойнақы сипатын ажырата білу, атрибуттармен би қимылдарын орындау.<br>мен би қимылдарын орындау.<br>Қазақтың ұлттық би өнерімен |

| | |
|---|---|
| | таныстыру. «Қамажай» биін үйрету.<br><br>**№23. Дидактикалық ойын: «Қай асапта ойнаймын?» ойыны**.1**-апта**<br><br>**Ойынның мақсаты:** Қазақтың ұлттық аспатарының (ішекті, ұрмалы, үрмелі) өзіндік тембрлік дыбысталуымен таныстыру,ажырата білуге үйрету. Аспаптарда машықтандыру, қызығушылықтарын арттыру.<br><br>**№4. Дидактикалық ойын: «Үкілі тақия» ойыны 2-апта**<br><br>**Ойынның мақсаты:** аспаптың сүйемелдеуінсіз ән айту дағдыларын қалыптастыру; өтілген әндерді есте сақтауға дағдыландыру; ұлттық мәдениетті түсінуге , құрматтеуге, қызығушылығын арттыру.<br><br>**№11. Дидактикалық ойын: «Ән салған кім?» ойыны**<br><br>**2-апта**<br><br>**Ойынның мақсаты:** аспаптың сүйемелдеуінсіз ән айту дағдыларын қалыптастыру; өтілген әндерді есте сақтауға дағдыландыру; ұлттық мәдениетті түсінуге , құрматтеуге, қызығушылығын арттыру.<br><br>**№16.Дидактикалық ойын: «Көбелектер» 3-апта**<br><br>**Ойынның мақсаты:** балаларды музыка үніне сай қимыл жасауға,музыканың көңілді, ойнақы сипатын ажырата білуге,қимылдарды музыкамен сәйкестендіре отырып, жүрелеп отыру, музыканың екінші бөлігінде қимылдарды өзгертуге үйрету. Музыканың кіріспесін ажырату, кіріспеден кейін қимылдарды бастау.<br><br>**№ 24. Көңілді текше ойыны . 4-апта**<br><br>**Мақсаты:**Музыканың көңілді, ойнақы сипатын ажырата білу, атрибуттармен би қимылдарын орындау.<br><br>Қазақтың ұлттық би өнерімен таныстыру. |
| **Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру**<br>Қоршаған ортамен таныстыру | **Бала, оның отбасы, үйі:**<br>Өзін құрметтеуге,өзқадір-қасиетін сезінуге,өзіне деген сенімділікке тәрбиелеу. Отбасылық мерекелер,салт-дәстүрлер туралы әңгімелеу<br>**Заттық әлем:**<br>Қазақ халқының ұлттық киімдерімен,әшекейлерімен таныстыру.<br>**Байланыс және қозғалыс құралдары:**<br>Көлікте жұмыс істейтін адамдарға сыйластық танытуға тәрбиелеу.<br>**Еңбекке баулу**<br>Шамасы келетін жұмысты орындау кезінде балалардың бастамасын қолдау, бөлме өсімдіктеріне күтім жасау,оларды |

| | |
|---|---|
| | суару.<br>**Адамгершілік және патриоттық тәрбие.**<br>Балаларды адамгершілікке,өзара көмек беруге үйрету<br>**Жолда жүру ережелері.**<br>Балаларды жол қозғалысы ережелерін саналы түрде сақтауға үйрету.<br>**Өлітабиғат құбылыстарымен заттары.**<br>Ауа райы мен климаттық жағдайлардың өзгеруін бақылау. Қазақстанның түрлі аймақтарын да ауа райының түрлі шеболуытуралытүсінікберу.<br>**Өсімдіктер әлемі.**<br>Өсімдіктер, оларға күтім жасау (жерді қопсыту, суару, жапырақтардыңшаңын сүрту) туралы түсінікті дамыту.<br>**Жануарлар әлемі.**<br>Бақылау барысында жануарлар әлеміндегімаусымғатәнкөріністерді:<br>көктемде көбелектер, қоңыздардың пайдаболуы, құстардың көбеюі, олардың сайрауы, шықылықтауы, шиқылдауы, ұясалуы, балапан шығаруы<br>Балалардың жалпы қабылданған мінез-құлық ережелерімен нормаларын меңгеруіне ықпал ету.<br>Қоршаған ортада, табиғатта қарапайым тәртіп ережелерін білу (қоқыс тастамау,өздігінен от жақпау). |

**Әдіскер: Туримбетова Г.К.**

# МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ ЖОСПАРЫ ЖӘНЕ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ НЕГІЗІНДЕ 2024-2025 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ

**Білім беру ұйымы: ЖШС** "Бақжан" бөбекжай-бақшасы
**Тобы:** "Сандуғаш" ересек тобы
**Балалардың жасы:** 4 жастағы балалар
**Жоспардың құрылу кезеңі**: сәуір айы, 2024-2025 оқу жылы

| **Ұйымдастырылған іс әрекет** | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|
| **Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы** | |
| **Физикалық қасиеттерді дамыту**<br>Дене шынықтыру | **Кеудеге арналған жаттығулар**<br><br>Бір аяқты жоғары көтеріп, жоғары көтерілген аяқтың астынан затты бір қолдан екінші қолға беру. Отырған қалыпта екі аяқты жоғары көтеру, бүгу және жазу, төмен түсіру. Екі аяқты айқастырып, отыру және тұру. Тізерлеп тұрып, алға еңкею және артқа шалқаю, екі аяқты кезек бүгу және жазу, көтеру және түсіру. Қолына зат ұстап, шалқасынан жатып, қолды созу және осы қалыпта етпетінен бұрылып жату. Етпетінен жатқан қалыпта иықтарын, басын, қолдарын алға созып көтеру.<br><br>**Аяққа арналған жаттығулар**<br><br>Аяқтың бақайларымен жіпті жинау, құм салынған қапшықтарды өкшелермен қысып алып, бір орыннан екінші орынға қою. Өкшемен таяқтың, арқанның үстінен бір қырымен жүру. Түрегеліп тұрып, аяқтың бақайларымен орамалдарды, тағы басқа ұсақ заттарды іліп алып, басқа орынға ауыстыру. Тізені бүгіп, екі аяқты кезек көтеру.<br><br>**Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары**<br><br>Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өзбетінше киіну мен шешінуді жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сүрту.<br><br>**«Ұлттық ойын-ұлт қазынасы»**<br><br>**-«Шік-бүк» ойыны.**Асықтарды ұту.<br>**-«Шік-бүк» ойыны.**Асықтарды ұту.<br>**-«Бес атар» ойыны.** Асық ойынын жан-жақты дамыту.<br>-« **Бес атар» ойыны.** Асық ойынын жан-жақты дамыту.<br>**-«Қалашық» ойыны.** Асықтар мен ұпай жинай білу. |

| | |
|---|---|
| | **Еңбегі адал жас өрен,** өзіне-өзі қызмет көрсету. |
| **Коммуникативтік дағдыларды дамыту**<br>Сөйлеуді дамыту | **«Өнегелі 15 минут»** ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру. Ұлттық дамытушы ортада ұлттық бұйымдарды ата-анамен бірге қарауға, Мабильді кітапхана орталығында кітаптар көруге, алып оқыу, суреттерді қарауға, табиғат дамытушы ортада құстарды, балықтарды қоректендіруге мүмкіндік беру. Ата-ананың үйде балабақшада балаға көңіл бөлуіне жағдай жасауересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру;<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті**.<br><br>Фонематикалық естуді дамыту:белгілі бір дыбыстан басталатын сөздерді есту арқылы ажырата білуге және атауға үйрету.<br>**Сөздік қор.**<br><br>Сөздік қорды заттар тобын білдіретін жалпылаушы сөздермен(ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз), заттардың орналасқан жерін (сол,оң, қатар, жанында, арасында), тұрмыстық электротехника заттарының және ұлттық тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін және мағынасы қарама-қарсы антоним сөздермен байыту.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы**<br><br>Етістіктерді бұйрық райымен қолдана білуге үйрету(отыр,жүр,жүгір).<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br><br>Балаларды әңгіме айтуға үйрету,бейтаныс заттар,құбылыстар туралы ақпаратты талқылауға баулу.Ұсынылған сюжеттер бойынша қойылымдарды сахналауға үйрету. |
| Көркем әдебиет | **«Балалар кітапханасы»**-жобасы Балаларды қол жетімді көркем шығармалар мен театр әлеміне баулу, кітапқа деген қызығушылығын дамыту.алаларға жастарына сәйкес тыңдауға, сахналауға, тәрбиелік мәні бар әдеби шығармаларды үйрету.<br>Тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуға, қысқа өлеңдерді, санамақтарды жатқа айтуға,шығарма мазмұнымен сипатына сәйкес<br>тақпақтарды, өлеңдерді жаттауда түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, оларды есте сақтауға, шығарма мазмұнын дұрыс қабылдауға,кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға баулу. |
| Қазақ тілі | **«Апта дәйек сөздері»** аптаның дәйексөздері ақпараттық стендттерде,Led-экрандарда, коридордағы теледидарларда |

| | |
|---|---|
| | орналастыру Тәуелсіздік және отаншылдық. 1. «Жасампаздық-бәрімізге өнеге.» 2. «Шығармашыл бала-ойлы бала »<br>3. «Өнерлі бала өрге жүзер» 4. «Жаңашылдық- заман талабы»<br>**Тілдік дамытушы орта**<br>Сөйлесу барысында әңгімелесушінің назарын өзіне аудару үшін интонациямен сөйлеу мәнерін өз бетінше қолдануға баулу<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті**<br>Артикуляциялық және дауыс аппаратын,сөйлеуде тынысалуды,фонематикалық естуді,анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту.<br>**Сөздік қор**<br>Кітаптан ертегілер, көркем шығармалар оқып беруде олардың мазмұнын дұрысқа былдауға,кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға,кейіпкердің іс-әрекетіне өз ойын білдіруге баулу.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы**<br>Өз ойын жай және жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру.<br>**Байланыстырып сөйлеу**<br>бір-бірімен  еркін диалог құруға,еркін талқылауға мүмкіндік беру. |
| **Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту**<br>Математика негіздері | **Жиын:**<br>Балаларға жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру,заттарды жұппен қою арқылы оларды санамай-ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білуін дамыту.<br>**Сан, санау:**<br>Реттік сан есімдерді атау,сандарды реті бойынша атауға «нешінші?» сұрағына жауап беруге және қорытынды санды атауға,«барлығы қанша?»сұрағына жауап беруге үйрету.<br>5көлемінде тура және кері санауға жаттықтыру.<br>**Шама:**<br>Заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы жайлы түсінік беру.<br>Ұзындығы, ені, және биіктігі бойынша екі затты салыстыруын жетілдіру<br>**Геометриялық пішіндер:** |

| | |
|---|---|
| | Геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш)және денелерді (куб, шар, цилиндр) танып, атай білуге үйрету, геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеу, сөйлеуде сын есімдерді қолданып,салыстыру нәтижелерін атауды(ұзындау-қысқалау,кеңдеу-тарлау,жоғары-төмен,қалың-<br>жұқа немесе ұзындығы,ені,биіктігі,қалыңдығы бойынша тең) дамыту<br>**Кеңістікте бағдарлау:**<br>Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау,берілген бағытта қозғалу(алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен), заттарды оң қолмен солдан оңға қарай орналастыру,заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеуін жетілдіру (меніңалдымдаүстел,сол жағымда орындық тұр).<br>**Уақытты бағдарлау:**<br>Тәулік бөліктері (таңертең,күндіз,кеш,түн)олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері, «бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарын кеңейту. |
| **Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту;**<br>Сурет салу | Балалардың гүлдер, қоршаған заттар мен табиғат объектілерінің түстерімен реңктері туралы ұғымдарын байыту. Қоңыр, қызғылт сары, ашық жасыл реңдермен таныстыру және ол түстерді өзбетінше жасауға ынталандыру(қажетті түсті шығару үшін бояуларды араластыру). |
| Мүсіндеу | Мүсіндеуде қысу, тарту, басу әдістерін қолдану.Кескішті қолдануды үйрету,оның көмегімен жасалған бұйымды безендіруге ынталандыру.<br>Ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына сюжеттік композициялар құру,ұжымдық жұмыстарды орындауда міндеттемелерді өзара бөлісуін жетілдіру. |
| Жапсыру | Элементтердің ретін, олардың арасындағы арақашықтықты сақтауды,пішінін ескере отырып,ұлттық ою-өрнекті қолданып,тұрмыстық заттарды,ыдыстарды безендіру дағдыларын дамыту. |
| Құрастыру | **Құрылыс материалдарынан,«лего»конструкторларданқұрастыру:**<br>Өз бетінше ойдан құрастыруға мүмкіндік беру,құрастырылған құрылыс бөлшектерінің кеңістікте орналасуын айқындау.Дайын құрылыспен түрлі ойындар ойнауға ынталандыру.<br>**Қағаздан құрастыру:**<br>«оригами»үлгісі бойынша қарапайым пішіндер құрастыруға ынталандыру.<br>**Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру:** Табиғи (мақта, жүн, жіп, асық,қағаз,тері,кенеп,мата,дәннің түрлері) және қалдық (қақпақтың түрлері, пластик,қораптар,кір қыстырғыштар)заттардан құрастыруды үйрету. |

| | |
|---|---|
| Музыка | **Музыка тыңдау.**<br>Музыканың сипатын сезінуге үйрету.<br>**Ән айту.**<br>Қысқа музыкалық фразалар арасында тыныс алуды дамыту<br>Әнді қимылдармен үйлестіріп айтуды қалытастыру.<br>**Музыкалық-ырғақты қимылдар.**<br>Би қимылдарын, ойындағы музыкалық қимылдарды орындауға қызығушылық тудыру, марш сипатын ырғақты жүріспен беру, музыканың қимылдық сипатына қарай жеңіл, ырғақты жүгіру.<br>**Балалар музыкалық аспатарында ойнау.**<br>Таныс әндерді орындауда балаларға арналған әртүрлі шулы музыкалық асатарды қолдану. Барабан және металлафон аспаптарымен қарапайыйм әуендерді ойнау.<br>**Билер.**<br>Әуеннің көңілді сипатын қабылдауға үйрету, музыканың кіріспесін ажырату, кіріспеден кейін қимылдарды бастау, музыканың сипатына сәйкес қимылдарды ауыстыру, би қимылдарының, билердің атауларын есте сақтау. Жеңіл, ырғақпен қозғалу; жұппен би қимылдарын орындау; билерде ойындағы музыкалық қимылдарды қолдану.<br>**Әуенді-ырғақты қимыл «Қосарланып билеу» 1-апта**<br>**Ойынның мақсаты:** би қимылдары, ойындық музыкалық қимылдарды орындау дағдыларын қалытастыру; жұптасып тұру, секіруге үйрету.<br>**Дидактикалық ойын:Бізге келген қонақтар 2- апта**<br>**Мақсаты:**. Барабан, металлафон, сылдырмақ аспаптарында қарапайым әуендерді ойнату. Дыбыс ерекшеліктерін ажырата білуге үйрету.<br>**Дидактикалық ойын: «Қай асапта ойнаймын?» ойыны**. 3- **апта**<br>**Ойынның мақсаты:** Түрлі музыкалық шулы аспаптардың (қоңырау, металлафон, бубен, маракас т.б) өзіндік тембрлік |

| | |
|---|---|
| | дыбысталуымен таныстыру,ажырата білуге үйрету. Аспаптарда машықтандыру, қызығушылықтарын арттыру.<br><br>**Дидактикалық ойын: «Түрлі түсті шеңберлер» ойыны 4- апта**<br><br>**Ойынның мақсаты:**балалардың би жанрларын (полька, ұлттық би, вальс) ажырата білуге, би түрлерін есте сақтауға, әуенді естіп қабылдауға баулиды. |
| **Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру**<br>Қоршаған ортамен таныстыру | **Бала, оның отбасы, үйі:**<br><br>Отбасы туралы, отбасының ересек мүшелерінің еңбегі туралы білімдерін жетілдіру.Отбасындағы үлкендерді сыйлауға,құрмет көрсетуге, кішілерге қамқорлық жасауға, отбасын,отбасылық дәстүрлерді бағалауға баулу.<br><br>**Заттық әлем:**<br><br>Қоршаған орта заттары, олардың қасиеттері және қолданылуы туралы түсініктерін кеңейту. Қазақ халқының ұлттық киімдерімен,әшекейлерімен таныстыру.<br><br>**Байланыс және қозғалыс құралдары:**<br><br>Әртүрлі көлік құралдары мен оларды басқаратын адамдар туралы білімдерін жетілдіру.Көлікте жұмыс істейтін адамдарға сыйластық танытуға тәрбиелеу.<br>**Еңбекке баулу**<br><br>Топта кезекшілердің міндеттерін өз бетінше орындауға үйрету:нан салғыштарды,кружкаларды,тәрелкелер мен майлықтарды,ас құралдарын(қасықтар,шанышқылар)ретімен қоюды пысықтау.<br><br>**Адамгершілік және патриоттық тәрбие.**<br><br>Ренжіген балаға жанашырлық танытуға және ренжіткен баланың әрекеттерінің әділдігіне көз жеткізіп себебін анықтауға баулу<br><br>**Жолда жүру ережелері.**<br><br>Сюжетті-рөлдік ойындар барысында жол қозғалысы ережелері туралы білімді бекіту.<br>**Өлі табиғат құбылыстары мен заттары.** |

| | |
|---|---|
| | Табиғат құбылыстары туралы ұғымдарын(жел,жаңбыр,кемпірқосақ) кеңейту.<br>**Өсімдіктер әлемі.**<br>Бақылау, эксперимент және еңбек ету барысында өсімдіктердің тірі тіршілік иелері екендігін, өсімдік тұтастығының мәнін,олардың өсуі үшін жер,топырақ,су,күн,жарық,ылғал,жылудың қажеттілігін анықтау.<br>**Жануарлар әлемі.**<br>Жәндіктер туралы (қоңыз, көбелек, шыбын, құмырсқа) ұғымдарын кеңейту, олардың тіршілік етуіне қажетті жағдайларды: азық, су,жылу,жарық,мекендейтін орнын анықтау.<br>**Балалардың жалпы қабылданған мінез-құлық ережелерімен нормаларын меңгеруіне ықпал ету.**<br>Қоршаған ортада және табиғатта қарапайым тәртіп ережелерін сақтау,қарапайым экологиялық білімдерін қалыптастыру және жануарлармен өсімдіктерге күтім жасауға (өсімдіктерді қорғау, қыстап қалған құстарға жемберу)баулуды жетілдіру. |

**Әдіскер: Туримбетова Г.К.**

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ ЖОСПАРЫ ЖӘНЕ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ НЕГІЗІНДЕ 2024-2025 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ

**Білім беру ұйымы: ЖШС** "Бақжан" бөбекжай-бақшасы
**Тобы:** "Сандуғаш" ересек тобы
**Балалардың жасы:** 4 жастағы балалар
**Жоспардың құрылу кезеңі**: мамыр айы, 2024-2025 оқу жылы

| **Ұйымдастырылған іс әрекет** | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
| --- | --- |
| **Дене шынықтыру** | **Спорттық жаттығулар**<br><br>Велосипед тебу. Екі және үш дөңгелекті велосипед тебу. Оңға, солға бұрылу.<br><br>Жүзу. Суға түсу, суда ойнау; суда отырып, аяқтарын жоғары және төмен көтеріп қимылдар орындау; иекке дейін суда отыру, судан шығу; бетін суға малу; еркін әдіспен жүзуге талпыну.<br><br>**Сауықтыру-шынықтыру шаралары**<br><br>Шынықтырудың барлық түрлерін, жалпы және жергілікті су шараларын жүргізу: дымқыл шүберекпен сүртіну, аяқтарды, денені шаю, әрбір тамақтанғаннан кейін ауызды шаю. Жалпақ табандылықтың алдын-алу үшін түрлі жолдармен, жылы күндері шөптің, құмның үстімен жалаң аяқ жүру. Қимылдауға ыңғайлы, жеңіл киіммен желдетілген бөлмеде дене жаттығуларын орындау. Тыныс алу жолдарын шынықтыру.<br><br>- **Өткенді қайталау.**<br><br>**«Ұлттық ойын-ұлт қазынасы»**<br><br>-**«Бес кеней» ойыны.** Бүлдіршіндердің ойлау қасиетін дамыту, асық ойынынжан-жақты дамыту.<br>-**«Бес кеней» ойыны.** Бүлдіршіндердің ойлау қасиетін дамыту, асық ойынынжан-жақты дамыту.<br>-**«Үш асық» ойыны.**Бүлдіршіндердің ойлау қасиетін дамыту, асық ойынын жан-жақтыдамыту.<br>-**«Қалашық» ойыны.** Асықтар мен ұпай жинай білу. |

| | |
|---|---|
| | **Еңбегі адал жас өрен,** өзіне-өзі қызмет көрсету. |
| **Сөйлеуді дамыту** | **«Өнегелі 15 минут»** ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру. Ұлттық дамытушы ортада ұлттық бұйымдарды ата-анамен бірге қарауға, Мабильді кітапхана орталығында кітаптар көруге, алып оқыу, суреттерді қарауға, табиғат дамытушы ортада құстарды, балықтарды қоректендіруге мүмкіндік беру. Ата-ананың үйде балабақшада балаға көңіл бөлуіне жағдай жасауересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру;<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті**.<br>Сөйлеу қарқынын өзгертуді бекіту: ақырын, жылдам сөйлеуді меңгерту үшін тақпақтармен жаңылтпаштар айтқызу<br>Фонематикалық қабылдау дағдыларын қалыптастыру. Белгілі бір дыбыстан басталатын сөздерді есту арқылы ажырата білуге және атауға үйрету.<br>**Сөздік қор.**<br>Сөздік қорды заттар тобын білдіретін жалпылаушы сөздермен(ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз), заттардың орналасқан жерін (сол,оң, қатар, жанында, арасында), тұрмыстық электротехника заттарының және ұлттық тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін және мағынасы қарама-қарсы антоним сөздермен байыту.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы**<br>Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға үйретуді жетілдіру<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Балаларды әңгіме айтуға үйрету: оқиғалар туралы ақпаратты талқылауға баулу.Ұсынылған сюжеттер бойынша |

| | |
|---|---|
| | қойылымдарды сахналауды үйрету. |
| **Көркем әдебиет** | **«Балалар кітапханасы»**-жобасы  Балаларды қол жетімді көркем шығармалар мен  театр әлеміне баулу, кітапқа деген қызығушылығын дамыту.алаларға жастарына сәйкес тыңдауға, сахналауға, тәрбиелік мәні бар әдеби шығармаларды үйрету.<br>Тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуға, қысқа өлеңдерді, санамақтарды жатқа айтуға,шығарма мазмұнымен сипатына сәйкес<br>тақпақтарды, өлеңдерді жаттауда түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді  қолданып, оларды есте сақтауға, шығарма мазмұнын дұрыс қабылдауға,кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға баулу. Шешендікке, сөз өнеріне баулу, халық ауыз әдебиеті шығармаларымен таныстыру,санамақ,жаңылтпаш айту, жұмбақ шешу,айтыс өнеріне баулу.Сахналық қойылымдарға қатысуға, таныс әдеби шығармалар, ертегілер бойынша қарапайым қойылымдарды ойнауды үйрету |
| **Қазақ тілі** | **«Апта дәйек сөздері»** аптаның дәйексөздері ақпараттық стендттерде,Led-экрандарда, коридордағы теледидарларда орналастыру<br>**«Бірлік және ынтымақ» айы. 1. «Күннің көзі ортақ,Жақсының сөзі ортақ.» 2. «Бірлік жоқ болса ұйым жоқ, ұйым жоқ болса күнің жоқ.» 3. «Жалғанда ойлап тұрсаң бірлік керек, бірлік ойлау үшін тірлік керек.» 4. «Тату елге тыныштық пен тоқшылық нәсіп.»**<br>**Тілдік дамытушы орта**<br>Түрлі балалар әрекеттерін де өзінің және құрдастарының әрекетін түсіндіруге және дәлелдеуге баулу<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті**<br>Артикуляциялық және дауыс аппаратын,сөйлеуде тыныс алуды,фонематикалық естуді,анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту.Қазақ тіліне тән ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу.<br>**Сөздік қор**<br>Тыңдалған шығарма кейіпкерлерінің бейнесін сахналық қойылымдарда жеткізе білуге,еркін ойындарда кейіпкерлердің бейнесін басқа қырынан көрсете білуге мүмкіндік беру.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы** |

| | |
|---|---|
| | Үлгі бойынша жай, жайылма сөйлемдер құра білуге үйрету. Өз ойын жай және жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру.<br>**Байланыстырып сөйлеу**<br>Бір-біріне неге, не үшін деген зерттеу сипатындағы сұрақтарды қоюға,бір-бірімен еркін диалог құруға,еркін талқылауға мүмкіндік беру. |
| **Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту**<br>Математика негіздері | **Жиын:**<br>Балаларға жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру,заттарды жұппен қою арқылы оларды санамай-ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білуін дамыту.<br>**Сан, санау:**<br>«Қанша болды?», «қаншасы қалды?» сұрақтарына жауап беруге үйрету.<br>5көлемінде тура және кері санауға жаттықтыру.<br>**Шама:**<br>Ұзындығы, ені, және биіктігі бойынша екі затты салыстыру, екі затты үстіне және қасына қою тәсілдерін қолданып, жуандығы бойынша заттарды салыстыруға машықтандыру<br>**Геометриялық пішіндер:**<br>Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш)және денелерді (куб, шар, цилиндр) танып, атай білуге үйрету, геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеу,сөйлеуде сын есімдерді қолданып,салыстыру нәтижелерін атауды қалыптастыру(ұзындау-қысқалау,кеңдеу-тарлау,жоғары-төмен,қалың-жұқа немесе ұзындығы,ені,биіктігі,қалыңдығы бойынша тең).<br>**Кеңістікте бағдарлау:**<br>Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау,берілген бағытта қозғалуды(алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен), заттарды оң қолмен солдан оңға қарай орналастыруды,заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеуді пысықтау (менің алдымда үстел,сол жағымда орындық тұр).<br>**Уақытты бағдарлау:**<br>Тәулік бөліктері (таңертең,күндіз,кеш,түн)олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері, «бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарын кеңейту. |
| **Шығармашылық дағдыларын,** | Заттардың пішіні: дөңгелек, сопақ, шаршы, тік бұрыш, үшбұрыш, көлемі бөліктерінің орналасуы туралы түсініктерді бекіту. Заттардың көлемі бойынша арақатынасын беруге үйрету: ағаш биік,бұта ағаштан аласа,гүл бұтадан аласа. |

| | |
|---|---|
| **зерттеу іс-әрекетін дамыту;**<br>Сурет салу | Пішінін ескере отырып, ою-өрнекті орналастыру, элементтер бірізділігін,олардың арасындағы арақашықтықтарды сақтау,2-3элементтерді түсі мен пішіні бойынша ұлттық оюларды ашық түстермен кезектестіру дағдыларын қалыптастыру.Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнері туралы білімдерін кеңейту. |
| **Мүсіндеу** | Мүсінделген заттың,фигуралардың бетін тегістеуге үйрету.<br>Бірнеше бөліктерден заттарды мүсіндеу,оларды орналастыру,пропорцияларды сақтау,бөліктерді біріктіру. Балалардың көлемді пішіндермен қарапайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылығын арттыру. |
| **Жапсыру** | Ұжымдық сюжетті композицияны құрастыру дағдыларын қалыптастыру.Композицияны құрастыруда дайын пішіндердің көмегімен заттарды қиюға немесе өз бетінше ойдан қиып жапсыруға мүмкіндік беру.Шығармашылық қиялды дамыту. Жапсыруда қауіпсіздік ережелерін сақтау,жұмысты ұқыптылықпен орындау. |
| **Құрастыру** | **Құрылыс материалдарынан,«лего»конструкторлардан құрастыру:**<br>Орналастыру тәсілдерін қолдана отырып,пластиналарды тігінен және кірпіштерді,бөлшектерді көлденеңінен орналастыру,құрастыруға қолданған құрылыс бөлшектерін ажырату және атау,оларды сапасы, көлемі мен пішіні бойынша таңдау, өз бетінше ойдан құрастыруға мүмкіндік беру,құрастырылған құрылыс бөлшектерінің кеңістікте орналасуын айқындау дағдысын дамыту.<br>**Қағаздан құрастыру:**<br>«Оригами»үлгісі бойынша қарапайым пішіндер құрастыруын дамыту.<br>**Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру:**<br>Табиғи материалдардан түрлі композиция жасауға ынталандыру.Шығармашылық қиялдыдамыту,көрнекілікке сүйене отырып және құрастыратын материалдарды өз бетінше таңдап,ойдан құрастыруға мүмкіндік беру. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.Қауіпсіздік ережелерін сақтауды қалыптастыру. |
| **Музыка** | **Музыка тыңдау.**<br>Таныс шығармаларды білу. Әндерді иллюстрацияларды көрсету мен және қимылдармен сүйемелдеу.<br>**Ән айту.**<br>Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету, әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру (ре-си бірінші октава шегінде). Қысқа музыкалық фразалар арасында тыныс алуды дамыту. Әуенді таза және сөздерді анық айтуға үйрету.<br>**Балалар музыкалық аспатарында ойнау.**<br>Таныс әндерді орындауда балаларға арналған әртүрлі шулы музыкалық асатарды қолдану. Балалар музыкалық аспатарын |

| | |
|---|---|
| | тану және қолдану.<br><br>**Музыкалық-ырғақты қимылдар.**<br><br>Музыканың нақты ырғағын бере отырып, қос аяқпен еркін және жеңіл секіру.<br><br>**Билер.**<br><br>Музыканың көңілді, ойнайқы сипатын ажырата білу, атрибуттармен би қимылдарын орындау.Қазақтың ұлттық би өнерімен таныстыру.  Ұлттық би үйрету.<br><br>Өткенді қайталау.<br><br>**№4.Дидактикалық ойын:  «Үкілі тақия» ойыны 1-апта**<br><br>**Ойынның мақсаты:** аспаптың сүйемелдеуінсіз ән айту  дағдыларын қалыптастыру; өтілген әндерді есте сақтауға дағдыландыру; ұлттық мәдениетті түсінуге , құрматтеуге, қызығушылығын арттыру<br><br>**№19.Бізге келген қонақтар 2-апта**<br><br>**Мақсаты:** . Барабан, металлафон, сылдырмақ аспаптарында қарапайым әуендерді ойнату. Дыбыс ерекшеліктерін ажырата білуге үйрету.<br><br>**№6. Дидактикалық ойын: Әуенді-ырғақты қимыл  «Қосарланып билеу»  3-апта**<br><br>**Ойынның мақсаты:** би қимылдары, ойындық музыкалық қимылдарды орындау дағдыларын қалытастыру; жұптасып тұру, секіруге үйрету.<br><br>**№14. Дидактикалық ойын:  «Көңілді орындық» ойыны. 4-апта**<br><br>**Ойынның мақсаты:** Балаларды таныс би қимылдарын қолдана отырып, музыканың сипатына сәйкес ойдан би қимылдарын шығаруға үйрету; музыканың кіріспесін ажырату, кіріспеден кейін қимылдар дыбастау. Шығармашылық |

| | |
|---|---|
| | тапсырмаларды орындауға ынталандыру. |
| **Қоршаған ортамен таныстыру** | **Бала, оның отбасы, үйі:**<br>Жақын туыстарын білуге,олардың есімдерін атауға үйрету,отбасындағы сүйікті адамдары,отбасылық мерекелер,салт-дәстүрлер туралы әңгімелеу,өзінің жақындарына мақтаныш сезімін білдіру дағдысын жетілдіру.<br>**Заттық әлем:**<br>Телефон,компьютер,теледидардың қолданылуы және оларды пайдаланудың кейбір қарапайым ережелері туралы білуді. Адамдарға еңбектері үшін алғыс айтуға және еңбектің нәтижесіне құрмет көрсете білуге тәрбиелеу.<br>**Байланыс және қозғалыс құралдары:**<br>Қозғалыс ортасын ескере отырып, көлік құралдарын танып және атай білудағдыларын қалыптастыру. Әртүрлі көлік құралдары мен оларды басқаратын адамдар туралы білімдерін жетілдіру.<br>**Еңбекке баулу**<br>Шамасы келетін жұмысты орындау кезінде балалардың бастамасын қолдау: өсімдіктерге күтім жасау,оларды суару,ауладағы гүлдерді суару.<br>Айналаны қоршаған заттар,ойыншықтар–адамдардың еңбегімен жасалғаны туралы түсінік беру,оған ұқыпты қарауға баулу<br>**Адамгершілік және патриоттық тәрбие.**<br>Ренжіген балаға жанашырлық танытуға және ренжіткен баланың әрекеттерінің әділдігіне көз жеткізіп себебін анықтауға,әділболған жағдайда әрекететен баланың әрекеттерін қолдауға үйрету.<br>**Менің Отаным–Қазақстан.**<br>Отан қорғаушылар,ҚазақстанРеспубликасының әскері туралы ұғымдарын кеңейту.Отанды сүюге,патриотизмге тәрбиелеу.<br>**Жолда жүру ережелері.** |

| | |
|---|---|
| | Сюжетті-рөлдік ойындар барысында жол қозғалысы ережелері туралы білімді бекіту.<br>**Өлітабиғат құбылыстарымен заттары.**<br>Ойын, еңбек, эксперимент барысында құм, су, тас, саздың қасиеттерінанықтау дағдысын бекіту.<br>**Өсімдіктер әлемі.**<br>Өсімдіктердің жіктелуі туралы түсініктерді кеңейту: жемістер, көгөністер,жидектер(орман,бақша),гүлдер(бөлме,бақша,шабындық),бұталар және ағаштар (бақша,орман).<br>**Жануарлар әлемі.**<br>Құстардың көбеюін салыстыру, олардың тіршілік етуіне қажетті жағдайларды: азық, су,жылу,жарық,мекендейтін орнын анықтау дағдысын пысықтау.<br>**Балалардың жалпы қабылданған мінез-құлық ережелерімен нормаларын меңгеруіне ықпал ету.**<br>Қоғамдық орындарда мінез-құлық ережелері  туралы түсініктерді кеңейту.Қоғамдық көліктегі мінез-құлық мәдениет дағдыларын қалыптастыру. |

**Әдіскер: Туримбетова Г.К.**